



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАТЕЛІК ҮШІН
ДӘРІГЕРДІҢ ЖАУАПҚА
ТАРТЫЛМАҒАНЫ ДҰРЫС ПА?



Елімізде медициналық қателік үшін дәрігерлер түрмеге қамалмауы мүмкін. Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамада ақ халаттылардың ұқыпсыздығына қатысты жаза да жеңілдеуі ғажап емес. Парламент Мәжілісінде тұсауы кесілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының негізгі жаңалықтары осындай. Жаңа құжатты депутаттар алдында таныстырған Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният сөзін біздегі заңның ақ халаттылар үшін тым қатал екенін мәлімдеуден бастаған еді.

(Соңы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

МАСКҮНЕМДІК – АУРУ

Тұрмыстық жағдайдағы маскүнемдік – көбінесе дәстүрлі, стресстік жағдайларға байланысты дамиды. Спирттік ішімдіктерді жүйелі түрде қолдану созылмалы алкоголизмге алып келеді.

Алкогольден өлім-жітім деңгейі жоғары елдер рейтингінде Қазақстан 10-шы орынға шықты, бұл алаңдатарлық жағдай. Ішкі істер министрлігінің статистикасы бойынша, 2021 жылы 8900 мас жүргізуші ұсталған, сонымен қатар, мас жүргізушілердің кінәсінен 193 жол-көлік оқиғасы орын алды.

Қазақстанда алкогольді сусындардың ішінде ең танымалы – сыра. Зерттеу нәтижелері бойынша 15 пен 18 жас аралығындағы жастар арасындағы сауалнамаға қатысқандардың 33 пайызы өмірінде бір рет болса да ішімдік ішіп көрген, ал 20 пайызы соңғы бір жылда ішкен, 7 пайызы оны кей мезгілде тұтынады. Зерттеулерге сәйкес, сауалнамаға қатысқан жастардың 1,4 пайызы ішімдікке әуес болған.

Көптеген қылмысты азаматтар мас күйінде жасайды. Оның ішінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру – 75%, кісі өлтіру – 73%, зорлау – 70%-ды құрап отыр. Тұрмыстық маскүнемдік тәуелділікке алып келуі мүмкін. Адам спирттік ішімдік ішкен кезінде мазасыз болмаса, ешкімге соқтығыспай, тыныш ішіп, ұйықтап жатса оның айыбы жоқ. Бірақ мұндай тәуелділік созылмалы алкогольдік тәуелділікке айналуы мүмкін. Ол адамның өзі қалай маскүнем болғанын байқамай қалады. Мұндай

жағдайда туыстары адамды конструктивті әрекеттерге итермелеп, дәрігерге баруға көндіргені жөн. Туыстары ішімдік ішетін адамды ренжітпеуі керек, өйткені, өзіне қарсы қысымға байланысты көбірек іше бастауы мүмкін. Жағдайды сабырлы түрде және дәрігердің көмегімен шешкен дұрыс.

АЛКОГОЛЬГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІ
ҚАЛАЙ ЕРТЕ АНЫҚТАУҒА
БОЛАДЫ?

Дабыл қағудан бұрын тұрмыстық маскүнемдіктің созылмалы шынайы маскүнемдіктен айырмашылығын түсінген жөн. Кейбір маскүнемдер отбасынан жасырмайды.

ТҰРМЫСТЫҚ МАСКҮНЕМДІКТІ
ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

1. Сақ адамдар бөтелкелерді бірден лақтырып жіберсе де, үйде бос ыдыстарды жиі кездестіруге болады. Үйдегі бір жасырын жерде маскүнемнің күйзелістен арылу үшін қоры болуы мүмкін.
2. Отбасы мүшелері «қоймасын» тауып алып, бөтелкенің ішіндегісін лақтырып немесе төгіп тастаса, ашуланып, тіпті төбелесуге баруы мүмкін.
3. Мерекелік шаралар кезінде маскүнем өзін ұстай алмай қалуы мүмкін. Мысалы, сіз өзіңіздің

✉ zangazet@mail.ru

СҮЙІНШІ

БАЙҚАУ!
БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Әзімбай ҒАЛИ,
тарих ғылымдарының докторы,
демограф, саясаттанушы:

ҰЛТТЫҚ
САНАНЫҢ
БІРІНШІ
КОМПОНЕНТІ
– ҰЛТТЫҚ
БІРЕГЕЙЛЕНУ

– Қазақстандағы 2021 жылғы халық санағының ресми нәтижесі жарияланды. Одан қандай қорытынды жасадыңыз?

– Бұл – Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өткізіліп отырған үшінші жалпыұлттық санақ. Егер 1989 жылғы бүкілодақтық санақпен салыстырар болсақ, республикадағы халық саны 1999 жылы 1,2 млн адамға (7,7 %) кемісе, 2009 жылы 1 млн-ға (6,9%) ұлғайған еді. 2021 жылы өсім 3,1 млн адамды немесе 19,8 % көрсетті. Сол сияқты қазақтың үлесі 63,1-ден 70,4 пайызға ұлғайды.

(Соңы 5-бетте)

ЖАҢА ТӨРАҒАЛАР ЖҰМЫСЫНА СӘТТІЛІК!

Ақмола облыстық соты  Жоғарғы Сот төрағасы Жакып Асанов Ақмола өңірі судьяларының кеңесінде облыстық соттың жаңа төрағасы Арман Жүкеновті таныстырды. Іс-шараға облыс әкімі Ермек Маржықпаев, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, сот жүйесінің ардагерлері қатысты. А.Жүкенов сот жүйесінде 16 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Жоғарғы Сотта, Алматы, Астана қалаларының сотта-	рында қызмет атқарған. Оның ішінде елорданың ірі соты – қаралатын азаматтық істер саны бойынша Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақмола облыстары соттарының жүктемесіне тең Сарыарқа аудандық сотын 5 жыл басқарды. 2018 жылы «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасының шеңберінде «Үлгілі сот», «Та-туласу: сотқа дейін, сотта», «Са-палы нәтиже» жобаларын іске асыру үшін осы сот пилоттық сот ретінде таңдап алынды. Ж.Асанов өз сөзінде: «Таң-дау айқын болды. Арман Серік-тайұлы – жаңашыл ойлайтын төраға. Оның үстіне ауданында 400 мыңға жуық адам тұратын ірі сот. Мен осы сотқа бірнеше мәрте бардым. Ұжыммен суд-ья-медиатор, электронды сот шешімі, сот актілерін түсіндіру сияқты жобаларды талқыла-дық. 2018 жылы осында ал-ғашқы фронт-кеңсе ашылды. Бір сөзбен айтқанда, А.Жүкенов басқарған сот бүкіл сот жүй-	есінің зертханасы болды», – деді. Арман Серіктайұлы Жү-кенов 1983 жылы Абай облы-сында дүниеге келген. Әл-Фа-раби атындағы Қазақ Ұлттық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару акаде-миясының Сот төрелігі инсти-тутында білім алған. Еңбек жолын Астана қаласының Ал-маты ауданында сот отырысы-ның хатшысы болып бастаған. Жоғарғы Сот аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істеген. 2009–2014 жылдары Алматы қаласы кәмелетке толмағандар-дың істері жөніндегі мамандан-дырылған ауданаралық соттың, Астана қаласы Сарыарқа аудан-дық сотының судьясы болды. 2015–2021 жылдары Астана қаласы Сарыарқа аудандық со-тының төрағасы, 2021 жылдан осы тағайындауға дейін Астана қалалық сотының судьясы қыз-метін атқарды.	Жетісу облыстық соты  Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрсерік Шәріпов өңірдің судьялар корпусына Жетісу облыстық сотының төрағасы Ержан Кененбаевты таныстырды. Бұған дейін ол Алматы қалалық сотының су-дьясы қызметін атқарған. Кездесуге облыс әкімі Бей-біт Исабаев пен өңірдің мем-лекеттік және құқық қорғау	органдарының бірінші бас-шылары қатысты. Н.Шәріпов Е.Кененбаев туралы айта келе, оның 15 жылдық судьялық ең-бек өтілі мен заңгер ретіндегі мол тәжірибесін атап өтті. Ер-жан Әбдірақымұлы Кененбаев 1964 жылы Алматы облысын-да дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. 1992–2007 жылдары Алматы қаласының прокуратура орган-дары мен түрлі мекемелерде заңгер болып қызмет атқарған. 2007–2014 жылдары Алматы облысы Панфилов аудандық сотының судьясы, 2014 жыл-дан осы тағайындауға дейін Алматы қалалық сотының су-дьясы қызметін мінсіз атқар-ды. Н.Шәріпов: «Е.Кененбаев-ты білікті криминалист және әділ судья ретінде білеміз», – дей келе, сот төрелігін қамта-масыз ету қажеттігіне тоқтал-ды.	Облыс әкімі Б.Исабаев жоғары кәсіби біліктілікті та-лап ететін сот төрелігін жүзеге асыру барысында судьялардың жауапкершілік жүгінің ауыр екендігіне назар аударды. Жұмыс сапары шеңберін-де Н.Шәріпов облыстық сот-тың, Талдықорған қалалық соты мен мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьяларымен кез-десу өткізді. Ол заңдарға ен-гізілген түзетулерге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қи-мылды арттыруға, судья әдебі нормаларын сақтауға және электрондық сот төрелігін дамыту қажеттігіне баса назар аударды. Жиын соңында спикер өңірдің судьялар корпусының алдына Жоғарғы Соттың жо-баларын іске асыру бойынша бірқатар міндеттер жүктеді.
				Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі	

ТАТУ ЕЛДІҢ ТУЫ БИІК, ТҰҒЫРЫ МЫҚТЫ

21 жылдан бері әлем елдері жыл сайын 21 қыркүйекте Ха-лықаралық бейбітшілік күнін атап өтеді. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясы тарапынан 1981 жылы бекітілгенімен, жыл сайын атап өту 2001 жылы ғана мақұлданған болатын. Биыл да мереке қарсаңында БҰҰ Бас Ассамблеясының штабында арнайы жиын өтіп, бейбіт-шілікті баянды етудің өзекті мәселелері талқыланды.

Бұған дейін Халықаралық бейбітшілік күнінің 2022 жылғы тақырыбы — «Нәсіл-шілдікті жою. Әлемді қайта құру» деп белгіленген болатын. Алайда, Ресейдің Украинаға басып кіруінен кейінгі әлемдік саясаттағы өзгерістер бейбітшілік үшін күрестің мазмұны мен маңызын БҰҰ дең-гейінде қайта қарауды күн тәртібіне шығар-ды. Өйткені, халықаралық қауымдастық та-рапынан бұл соғыстың алдын алу және оны тоқтатуға қатысты қабылданған шешімдер көпшіліктің көңілінен шығып отырған жоқ. Әлемдік державалар арасындағы мүдде қактығысынан зардап шегушілер күн өткен сайын көбеймесе, азаятын түрі жоқ.

Мәселен, 2007 жылдан бері британ-дық Economist журналының талдау бөлімі саналатын The Economist Intelligence Unit ұйымының әдістемесі бойынша жыл са-йын Бейбітсүйгіштіктің ғаламдық индексі жарияланады. Ол адам өмірі үшін қай елдің қауіпті, қай елдің қауіпсіз екенін көрсетуге арналған. Мемлекеттің өз ішін-дегі зорлық-зомбылық пен оның сыртқы саясатындағы агрессиясының деңгейі сарапқа салынатын зерттеу өлшемдерінің 60 пайызы ішкі, 40 пайызы сыртқы фактор-ларды бағалайды. Исландия, Жаңа Зелан-дия, Ирландия бастаған бейбітшіліксүйгіш елдердің биылғы рейтингінде 163 мемле-кеттің арасынан Қазақстан – 97-орыннан көрінді. Көршілес Қытай – 89, Қырғызстан – 91, Әзірбайжан – 128, Иран – 141, Ресей – 160-сатыда тұр. Бытыр Қазақстан – 67, Қырғызстан – 76, Өзбекстан – 86, Қытай – 100, Әзірбайжан – 121, Иран – 142, Ре-сей – 154-орын алған. 2021 (67), 2020 (70) жылдары да Қазақстанның көрсеткіші өз көршілері арасында ең жоғары болған. Егер 2011 жылы да 93-орынмен аймақта көш бастағанын, онда Ресейдің 147-орын алғанын ескерсек 10 жылда айтарлықтай үлкен өзгеріс болмағанын аңғару қиын емес. 7591 шақырымдық шекарасы бар Қазақстан үшін Ресей экономикалық қана емес, саяси тұрғыдан да ең маңызды страте-гиялық серіктес болып саналады. Осы арада әлем бойынша құрлықтағы ең ұзын шекара да Қазақстан мен Ресейдің арасында боп тұрғанын айта кеткен жөн шығар.

«Атың жаман болса сатып құтыларсың, көршің жаман болса қайтып құтыларсың» дегендей Қазақстан билігі Ресейдегі ахуалға қатысты баға бергенде әрдайым салқын-дылық танытып, өз ұстанымын тұспалдап жеткізіп келеді. Көршілес Украинаға басып кіргені үшін әлем елдері Ресейге санкция салу үшін БҰҰ Бас Ассамблеясында дауыс беріп жатқанда қалыс қалып отыратынын кейбір саясаттанушылар мен қоғам қайрат-

керлері сынап, жалтақтық, қорқақтық деп бағалап жүр. Алайда бұл дипломатиялық тұрғыдан ең дұрыс шешім екенін олар әрдайым ескере бермейді. Өйткені, эконо-микасы мұнай мен өзге де жер асты қазба байлықтары шикізатының экспортына тәуелділіктен ғана емес, АҚШ пен Еуропа елдерімен арадағы барлық саладағы түрлі қарым-қатынаста да Қазақстан үшін Ресей аумағы көліктік және өзге де байланыстың ең маңызды транзиттік жолы болғанын, әрдайым солай қала беретінін олардың білсе де, білмеген кейіп танытуы саясаттан хабары бар кез келген ұранға күлкілі жағдай. Сондықтан орыс пен украин, қырғыз бен тәжік, әзірбайжан мен армян арасындағы әскери қақтығыстардан кейін Бейбітсүй-гіштіктің ғаламдық индексінің келесі рей-тингінде тағы да өзгеріс болары күмәнсіз. Сыртқы саясатта әзірге көршілермен ашық қақтығысқа бармай, барлық келіспеушілік-ті келіссөз үстелінде шешуге мән беретін Қазақстан ішкі саясаттағы тұрақтылығын қамтамасыз етуде 2019 жылдан бері бірне-ше ауыр сынақты басынан өткізді. Жаңа-өзеннен басталып, «қаңтар қасіретіне» ұласқан қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық наразылықтан билік органдары сабақ алуы керек. Бұл Мемлекет басшысының биылғы жолдауында да назардан тыс қалмады.

– Экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне сер-піліс қажет. Жұрт бос сөзден, жарқын бола-шақ туралы жалаңды ұрандардан жалықты. Халық мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды. Саяси қызметшілердің жеке жа-уапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруға баса назар аудару керек. Үкіметтің кейбір құзыреттерін министрліктерге берген жөн. Нақты бір саладағы саясатқа «ұжымдасқан кабинет» емес, нақты бір министр жауапты болуға тиіс. Үкімет салаларлық мәселе-лерді шешумен шұғылдануы қажет, – деген Қ.Тоқаев жергілікті өзін-өзі басқару мәселе-леріне, қоғамдық кеңестердің, пәтер иелері кооперативтері мен мүлік иелері бірлестік-терінің қызметін өзгертуге айрықша назар аудару қажеттігін де атап өтті. Сондай-ақ, Үкіметке жаңа әкімшілік реформа әзірлеуді тапсырып, мемлекеттік органдардың жұ-мыс нәтижесін жақсартып, жауапкершілігін арттыруға көңіл аударды. Шарықтаған бағаны тізгіндей алмай, халықтың сынына қалған Үкімет үшін енді не бел, не белбеу кететін сындарлы сөт жақындады. Енді ха-лықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын құлдыратпау үшін ең алдымен азық-түлік бағасын бір жүйеге түсіруі қажет. Өйткені,

2021 жылғы қартон пен сәбіз, биылғы қант тапшылығынан кейін халық саны көп болғанмен, сапасы көңіл көншітпейтін Үкіметтің ұлттық жобалары сенімсіздік тудыра бастады.

МАМАН ПІКІРІ:

Нұркен АЙТЫМБЕТОВ, Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, саясаттанушы:

– Соңғы жылдары Қазақстанның бейбітсүйгіш елдер рейтингіндегі көрсеткішінің тым төмендеп бара жату себебін бірнеше фактормен түсіндіруге болады. Біздің байқаға-нымыздай осы көрсеткішке көбейе елдегі әртүрлі ішкі факторлар әсер етіп отыр деген байлам жасауға не-гіз болып отыр.

Ескеретін жайттың бірі елдегі орын алатын ауыр қылмыс деңгейі. 2021 жылы әлем елдеріндегі ауыр қылмыс деңгейі бойынша статис-тикаға сәйкес Қазақстан Мексикадан кейінгі 40-орынды иеленді. Бұл көр-сеткішке сәйкес елдегі тыныштық пен тұрақтылықтың қаншалықты деңгейде екені айтпаса да түсінік-ті. Қылмыстың жоғарғы деңгейі халықтың әлеуметтік жағдайымен тікелей байланысты екенін естен шығармауымыз керек. Кез келген елде ауыр қылмыстардың өсуінің ба-сты себептері жұмыссыздық, құқық қорғау органдары жұмысының тиім-сіздігі, сыбайлас жемқорлық және тағы басқалар болып табылатыны белгілі.

Сыртқы факторлар Қазақстан-ның көрсеткішін төмендете алмай-ды, керісінше абыройды асқақта-та түседі. Себебі, посткеңестік елдердің бірқатарында бүгінгі күні орын алып отырған территория-лық даулар Қазақстанда жоқ. Қа-зақстан көрші елдермен барынша тату-тәтті қарым-қатынас ор-натуға тырысады. Көршілес елдер арасындағы қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге мүдде таныта-ды. Тіпті, қақтығыстарды шешуге тікелей араласып, өзара татула-стырушы ел ретінде де қатысып отырады. Әлем елдерімен халықа-ралық байланыстары да жақсы жолға қойылған. Көптеген алдыңғы қатарлы елдермен дипломатиялық жақын қарым-қатынаста, кейбірімен экономикалық-әріптестік байланыс күн санап артып келеді. Тек бейбіт-сүйгіш ел ретіндегі төмендеуіне елдегі ішкі тұрақтылық мәселелері өзінің жағымсыз ықпалын тигізіп отыр. Сондықтан алдағы уақыт-та өз ішіміздегі шешімін таппаған күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді түбірімен шешуге бар күшті жұмылдыру керек.

СУДЬЯ БЕДЕЛІ – ТҰТАС МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕДЕЛІ

Елімізде сот төрелігін тек сот жүзеге асы-ратыны белгілі. Сот билігі Қазақстан Рес-публикасының атынан жүзеге асырылып, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Ал, судьялар сот төрелігін іске асыру кезін-де тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады.

Судьялар мемлекет атынан шешім шығаратындықтан, әрбір қазы «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деген-дей туралықтан танбауы тиіс. Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың қыркүйегіндегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында да қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажеттігін басты назарға алды. Сондай-ақ, Президент «Қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жанартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білік-ті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет», – деді. Сондықтан, жауапкершілігі орасан қызметте судьяларға қойы-латын талап та жоғары. Атап айтсақ, әрбір судья Судьялық әдеп кодексінің талабын мүлтіксіз сақтап, заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидаттарын қорғауға және жүзеге асыруға тиіс.

Тарқатып айтар болсақ, судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға ғана бағынып, сырттан ықпал етуге жол бермеуге, кімнен шыққандығына қарамастан қорқытуға, қы-сым жасау мен құқықтық емес әсерлерге, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұру қажет. Одан бөлек, судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етіп, өзін лайықты, әдепті ұстап, процеске қатысушылар мен өзге де сот отырысына қатысушы адамдардан сондай қарым-қатына-сты талап етуге және сот төрелігінің әділдігі олардың күмәнін туғызбауы үшін шаралар қолдануға тиіс.

Ал, Судьялық әдеп кодексінің 7-бабына сәйкес, жұртшылық тарапынан болып тұратын тұрақты назар судьяға өзіне бірқатар шектеулер қою міндетін жүктейді. Соған орай, судья сот беделі-не нұқсан келтіретін қоғамдық іс-шаралар мен өзге де көпшілік орындардан аулақ болуға тиіс. Сонымен қатар, әр судья өз бе-делі мен отбасы мүшелерінің беделі туралы ойлап, қызметтік жағдайын өзінің жеке мүдделеріне, отбасы мүшелерінің және басқа да адамдардың мүдделеріне пайдаланбауы қажет. Тіпті, үміткер, судья лауазымына іріктеуге қатысу кезінде, судья өз өкілеттігін жүзеге асыру барысында, отбасылық және мүдделер қақтығысына, өз отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына және басқа да адамдарға оның сот төрелігін іске асыруға байланысты іс-әрекеттеріне ықпал етуге жол бермеуі тиіс.

Жалпы, Судьялық әдеп кодексінің талаптарын, яғни кодек-сте белгіленген жүріс-тұрыс қағидаларын атқарып отырған қызметіне қарамастан Қазақстан Республикасының барлық су-дьялары, сондай-ақ, отставкадағы судьялар орындап әрі сақтауы тиіс.

Судья беделі – тұтас мемлекеттің беделі. Себебі, шалыс ба-сылған бір-ақ қадам сот төрелігінің атына кір келтіріп, қасықтап жиған абыройды шектеп төгуі мүмкін. Сондықтан, судьяның жолы «занды бес саясатқа! білумен» шектелмейтінін ұмыт-пағанымыз жөн. Занды біліп, туралықтан танбаудан бөлек, әрбір қазы адамдық бейнесімен де көпке үлгі болуы тиіс.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАТЕЛІК ҮШІН ДӘРІГЕРДІҢ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛМАҒАНЫ ДҰРЫС ПА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, қатаң талап салдарынан бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласына келетін мамандар азайып бара жатыр. Бұл өте қауіпті үрдіс. Сондықтан дәрігерлердің ұқыпсыздығынан денсаулыққа ауыр зиян келмесе айыппұлдар көлемін екі есеге дейін азайтып, абайсызда адам өліміне душар еткен жағдайда дәрігерді қамамай, бостандығын шартты түрде шектеу қажет. Бұл шешімді министр «Әдейі емес, яғни, сырқаттың ауыр жағдайы, отаның күрделі өтуіне байланысты, медициналық қажетті аппараттар хаттамаға сәйкес болмаған жағдайда осындай шешім қабылдану керек» деп тәпсірледі.

Кәсіптік міндетін тиісінше орындамағаны үшін жазаны ізгілендіру бірінші кезекте азаматтардың құқығын қорғауға, медициналық қызметтерді алу кезінде денсаулығы мен өміріне келтірілген зиянды өтеуге, сондай-ақ, медицина қызметкерлерін заңдық және қаржылық қорғауға, науқасқа көмек көрсету кезінде қызметі қоғамдық-пайдалы тәуекелмен байланысты саладағы жоғары білікті мамандардың кетуін азайтуға жол ашады.

Ал, шынында да медициналық қызметкерлер қатесінен зардап шеккендер құқын қорғау үшін медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін арттыруда міндетті сақтандыру жүйесін кезек-кезеңімен енгізу жоспарланып отыр. Министр ханым бұл реформа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік беретініне және республикадағы денсаулық сақтау саласының халықаралық аренадағы жақсы рейтингіне ықпал ететініне сендіруге тырысты.

Жалпы, медицина қызметі қауіп-қатермен байланысты мамандықтарға жатады. Өкінішке қарай, бұл ауыр еңбек лайықты бағаланбай отыр. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 270-бабында медициналық көмек көрсету кезінде

пациенттің өміріне және денсаулығына зиян келтірілген жағдайда медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру құқығы заңнамалық түрде бекітілген.

Әлемде сапасыз медициналық қызмет көрсету кезінде медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін реттеу үшін әртүрлі тәсілдер бар. Министр ханым олардың бірқатарын айтып өтті. Мысалы, Францияда заңды тұлғалар, яғни, медициналық ұйымдарда медициналық қылмыстық құқық бұзғандығы үшін қылмыстық, Англияда медициналық мекеменің әкiмшiлiгi медициналық қателік жіберген медицина қызметкерінің

созылып, ауруханалар да өз қызметкерлерінің мінез-құлқы үшін жауапты болады.

ТМД елдерінде медицина немесе фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамағаны туралы нормалар Украина мен Беларусьтың Қылмыстық кодексінде көзделген. Қазақстанмен қатар, медициналық құқық бұзушылықтар туралы дербес тарау тек Қырғызстанның Қылмыстық кодексінде ғана бар. Ресейде қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстар және жалпы медициналық қылмыстар үшін арнайы норма жоқ. Адамға қарсы қылмыстар туралы тарау-

Осы модельге сәйкес шағымды қарауды медициналық, ұйым медиация элементтерін қолданып, сондай-ақ, бейінді медициналық, қауымдастықтарды тарта отырып, ішкі аудит қызметінің деңгейінде жүзеге асыратын болады. Бұл кезеңде мәселе медициналық, ұйымның өзінде реттелуі мүмкін. Пациент шешіммен келіспеген жағдайда шағым сараптамалық, қорытынды беру үшін Медициналық және фармацевтикалық, бақылау комитетінің, аумақтық бөлімшесіне беріледі. Оң нәтиже шығарылған жағдайда шағым бойынша материалдар, оның ішінде сот-медициналық сараптаманың қорытындысы медициналық, ұйым сақтандырылған сақтандыру компаниясына жолданады.

тиісті жұмысын қамтамасыз етпегені үшін азаматтық жауапкершілікке тартылады. Израильде медицина қызметкері қызметін жүзеге асырған мекеме немесе ұйым азаматтық-құқықтық жауапты болады. Қателіктің құны АҚШ-та медициналық мекемемен бірге сақтандыру компанияларынан да сұралады. Германияда 2013 жылдан бастап емдеу кезінде жіберген қателігіне байланысты дәрігердің жауапкершілігі бойынша міндетті медициналық сақтандыру институты енгізілді. Канадалық жүйеде қызметін теріс пайдаланған дәрігерлерді провинциялық лицензиялау органы жазалауы мүмкін. Тәртпi – қызметтi тоқтатудан бастап дәрігерлік практиканы жалғастыруды жоғалтқанға дейін

да адамның өзінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан жасалған іс-әрекет үшін жауапкершілік көзделген.

Таныстырылған заң жобасын әзірлеу барысында 2018–2020 жылдары жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен және қаралған 14 123 өтінішке, сондай-ақ, 2017–2020 жылдары медицина қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істерге талдау жүргізіліпті. Жыл сайын медицина қызметкерлеріне қатысты кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қылмыстық кодекстің 317-бабы бойынша 300-ге жуық іс ашылады екен. Қылмыстық істер көбінесе хирургиялық бейіндегі өлім қаупі бар мамандарға козғалады. Зардап

шеккендердің пайдасына моральдық және материалдық залал өтемақысын төлеудің жалпы мөлшері 40 миллион теңгеден асты. Сақтандыру төлемдері соттың шешімі бойынша сақтандыру полисі болған кезде жүзеге асырылады, қылмыстық жауаптылық танылған жағдайда төленбейді.

Осылайша, медициналық инцидент туындаған кезде медицина қызметкері жалақысының деңгейі пациенттің денсаулығына келтірілген зиянды өз бетінше өтеуге мүмкіндік бермейді. Ал, сақтандыру жүйесін дамыту процесінде шағымдар санының біртіндеп азаюымен медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізуге байланысты пациенттің немесе оның туыстарының тарапынан шағымдардың өсуі болжанады, оны сақтандыру нарығы реттейді.

Министрлік медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың түрлі модельдеріне талдау жүргізіпті. Халықаралық практикада медицина қызметкерлерін қорғау үшін қорлар мен қауымдастықтар (Швеция, Канада, Дания) құру, сондай-ақ, жеке нарықтар (АҚШ, Германия, Жапония, Түркия) арқылы кәсіптік жауапкершілікті міндетті сақтандыру жүйесі қолданылады. Медицина қызметкерлеріне немесе денсаулық сақтау ұйымдарына арнайы заңмен немесе кәсіптік одақтар мен қауымдастықтардың нормативтік актілерімен өзінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру міндеті жүктелген. Кінәлі не кінәсіз болу жүйесін қолдану сақтандырудың негізгі критерийлері. Осы халықаралық тәжірибенің негізінде қазақстандық қоғамның дамуын ескере отырып, медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың оңтайлы тегігі ретінде Швеция, Канада, АҚШ, Жапония және Түркия модельдері бойынша бейімделген нарықтық сақтандыру моделін қолдану ұсынылып отыр.

Министрлік 2017 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, Дербес кепілдік беру қорын құру шеңберінде ынтымақтастық қағидаты бойынша сақтандырудың әлеуметтік моделін ұсынған болатын. Алайда заң жобасы қолдау таппай, қабылданған жоқ.

Алдыңғы жылдардың тәжірибесін ескере отырып, халықаралық тәжірибені талдаудың негізінде, сондай-ақ, жұртшылықтың, мемлекеттік органдардың және сақтандыру компанияларының қатысуымен жүргізілген талқылаулардың қорытындылары бойынша жұмыс істеп тұрған сақтандыру компаниялары арқылы медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігі

- достар шеңбері. Көбінесе алкогольдік сусындарға тәуелділік достары мен таныстарының адамға жасаған қысымынан басталады. Манипуляцияның кең таралған әдісі – тойға қосылғысы келмейтін адаммен сөйлесуден бас тартуға дейін, күрметі мен беделін айыптау;
- артық бос уақыт. Бірдене жасауға қабілетсіздік немесе қаламау – ең маңызды қауіп факторларының бірі. Шаршаудан адам алкогольге жағымды уақыттың бір түрі ретінде жүгіне алады және уақытты өлтірудің осы әдісін үнемі қолдану арқылы ол бірден-бір түсінікті және қол жетімді болады.

Өкінішке қарай, тұрмыстық алкогольizmнің айқын белгілері науқастың өз проблемаларының нақты сипатын көруге мүмкіндік бермейді. Тәуелділіктің бар екенін мойындаса да, емделу қажеттілігін жоққа шығарады. Сондықтан «тұрмыстық маскүнемнің» туыстары мен достары отбасы мүшелеріне науқасқа дұрыс көзқарас табуға және оны маманмен кеңесуге сендіруге көмектесетін дәрігерлермен байланысуы керек.

ТҰРМЫСТЫҚ МАСКҮНЕМДІКПЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУГЕ БОЛАДЫ?

Тұрмыстық маскүнемдік ауру емес. Бұл әдет, қатесенімің салдары. Сондықтан, маскүнемдікті емдеу үшін тек психотерапевтік түзету қажет, нәтижесінде ішімдік ішетін адам ішімдік ішуді тоқтата алады немесе алкогольді тоқтатудан

жүктелген сақтандыру моделі қабылданды, жұмыс беруші – медициналық ұйым сақтанушы болады, ал медицина қызметкерлерін лицензиялауды енгізу болашақта медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру жүйесіне қатысушылардың жауапкершілігін бөлуге мүмкіндік береді.

Осы модельге сәйкес шағымды қарауды медициналық ұйым медиация элементтерін қолданып, сондай-ақ, бейінді медициналық қауымдастықтарды тарта отырып, ішкі аудит қызметінің деңгейінде жүзеге асыратын болады. Бұл кезеңде мәселе медициналық ұйымның өзінде реттелуі мүмкін. Пациент шешіммен келіспеген жағдайда шағым сараптамалық қорытынды беру үшін Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесіне беріледі. Оң нәтиже шығарылған жағдайда шағым бойынша материалдар, оның ішінде сот-медициналық сараптаманың қорытындысы медициналық ұйым сақтандырылған сақтандыру компаниясына жолданады.

Пациентке келтірілген зиян үшін өтемақы төлеуді Денсаулық сақтау министрлігі айқындаған жағдайлар бойынша сақтандыру компаниясы жүргізеді. Төлемнен бас тартқан және қанағаттанбаған жағдайда пациент сотқа жүгінуге құқылы. Сотқа жүгінген кезде төлем жүргізілмейді.

Сақтандыру жарнасының мөлшері тиісті қаржы қылына арналған айлық есептік көрсеткіш көлемінде тәуекел дәрежесіне, бейіндік бағытқа және жалақыға қарай бекітілген есептеулердің негізінде медицина қызметкерінің жауапкершілік дәрежесі ескеріле отырып айқындалады.

Заң жобасы аясында 2023 жылдан бастап сақтандыруды жұмыс берушінің есебінен жүзеге асыру ұсынылды. Ал 2025 жылдан бастап сақтандыру сыйлықақысының сомасы медициналық ұйым мен медицина қызметкерлерінің арасында бөлінеді. Министрдің айтуынша, бұл ортақ кәсіптік жауапкершілікті сезінуге әкеледі.

Жиынға қатысқан тәуелсіз сарапшылардың бірқатары заң жобасындағы дәрігер қателігіне байланысты жазаны жұмсарту жөніндегі талапты алып тастау қажет деген пікір айтты. Негізінде қолданыстағы өлшем тек ұқыпсыз, өз міндетін немқұрайды атқаратындарды жазалауды көздейді. Сондықтан жаңа талаптардың қабылдануына күмән көп. Қалай дегенде де бұл шешімге терең зерделеп, саралау арқылы келудің қажеттігі айқын көрініп тұр.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Уақыт өте келе мас болу үшін арнайы себеп қажет емес.

2. Салынып ішу. Тәуелділіктің бұл түрін созылмалы алкогольизмнен ажырату қажет. Көбінесе бұл қызметке немесе жұмысқа, сондай-ақ, басқа себептерге байланысты алкогольді үнемі іше алмайтын адамдарға әсер етеді. Олар белгілі бір жағдайларда өздерін шектей алады және қадағалап, алкогольді мүлде ішпейді, бірақ ыңғайлы сәттерді жібермейді. Мұндай тәуелділікке тән қасиет – ішімдік ішуден шыққаннан кейін (туыстарының немесе дәрігерлердің көмегімен) қалыпты өмірге тез оралады.

3. Құпия ішу. Мұндай тәуелділік созылмалы немесе маскүнемдікке өте ұқсас, бірақ бір маңызды айырмашылығы бар – тіпті ең жақын адамдардың өзі оны алкогольді қабылдайды деп күдіктенбейді. Көбінесе жасырын алкогольизм шығармашылық және қоғамдық кәсіптердің серігіне айналады. Бұл кезде адам өзінің имиджін сақтау үшін құмарлығын жасырады. Бұл жағдайда құпияны сақтау екі негізгі әдіс арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

Орташа дозада төмен алкогольді сусындарды үнемі қолдану;

Сирек, бірақ күшті алкогольді жүйелі қолдану. Егер адам мұндай маскүнемдікті өз бетімен тоқтата алмаса, уақыт өте келе сыртқы түрі мен мінез-құлқындағы өзгерістер, тән ауруының пайда болуына тәуелділікке алып келеді.

4. Тұрмыстық маскүнемдік. Бұл мәселе ауру емес, алкогольизмнің аталған жұмысқа, сондай-ақ, басқа себептерге байланысты алкогольді үнемі іше алмайтын адамдарға әсер етеді. Олар белгілі бір жағдайларда өздерін шектей алады және қадағалап, алкогольді мүлде ішпейді, бірақ ыңғайлы сәттерді жібермейді. Мұндай тәуелділікке тән қасиет – ішімдік ішуден шыққаннан кейін (туыстарының немесе дәрігерлердің көмегімен) қалыпты өмірге тез оралады.

Шулы мерекелерден кейін, адам өзінің жасаған әрекеттері, мінез-құлқы үшін ұят сезімі пайда болады.

МАСКҮНЕМДІКТІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ

Кез келген тәуелділіктің өз себептері бар және тұрмыстық маскүнемдіктің де өзінің себебі бар. Егер ішуі тұрақты емес болса және мерекелерде мезгіл-мезгіл орын алатын болса және жүйелі түрде спирттік ішімдікті қолдануы керек болмаса, онда қазірше алаңдамауға шартты түрде негіз жоқ. Бірақ созылмалы тәуелділікке айналу қаупі әрқашан бар екенін есте ұстаған жөн.

Барлығының, соның ішінде тұрмыстық алкогольизмнің өз себептері бар – тәуелділіктің басталуын тудыратын жағдай-



лар өте көп. Ең жиі кездесетіндер мыналарды қамтиды:

- мәдени дәстүрлер. Славян мәдениетінің өзі белгілі бір дәрежеде алкогольді пайдалануды ақтайды. Бірде-бір мереке немесе отбасылық іс-шара ішімдіксіз аяқталмайды. Туған күн, үйлену тойы, басқа да жиындарда – дастарқанда әрқашан алкоголь орын алады. Оның үстіне, ішуден бас тартуды қорлау ретінде қабылдау сияқты, ішуге шақырылғандардың барлығы келісуіне мәжбүр етеді;
- отбасылық дәстүр. Емделуге жүгінген науқастардың барлығында тұрмыстық алкогольизмнің даму тарихын қадағалайтын болсақ, науқастардың басым көпшілігінде алкогольді ішімдіктерді тұтыну ата-анасынан немесе басқа да егде жастағы отбасы мүшелерінен қабылданған мұра болып та-

былады. Бұл кешкі ас кезінде бір стакан күшті сусын ішу, жұмыс күнінен кейін шаршауды бірнеше стакан сырамен басу, алкогольді суықтың алдын алу немесе емдеу құралы ретінде пайдалану дәстүрі болуы мүмкін. Бұл жағдайда біз тұрмыстық маскүнемдік, бір отбасының бірнеше немесе барлық мүшелері осы әдетке ұшырайтынын айтуға болады;

• кәсіптің әсері. Тұрмыстық алкогольизмге жатқызылғандардың көбіне «кәсібі» фактор айтылғандардың тамыры болуы мүмкін. Көбінесе, зауыттағы ауысымнан кейін немесе рейстен қайтып келген жұмысшылар жұмыс күнінің соңында «сергуге» жиналады. Осы дәстүрді үнемі ұстану арқылы әдетке айналады, тіпті жұмысынан тыс уақыттарда адам ішімдік ішуге себеп іздей бастайды;

СОТ СӨЙЛЕСІН

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті қоғамның көптеген өмірлік маңызы бар салаларын қамтиды. Оның аясында халықтың басым бөлігі өз мәселесін реттейді. Әлбетте сот – туындаған дауды әділ шешетін, ұтымды реттейтін, төрелік сұраған қос тараптың келіспеушілігін тура шешетін орын. Алайда, сотқа қатысты жиынтық пікір қалыптастыруда тек судьяның шешімі ғана назарға алынбайтынын ұмытпауымыз керек.

Халықтың сенімі мен ықыласына ие болу үшін сот қызметінің дұрыс үйлестірілуі, сот жұмысының оңтайландырылуы, сонымен бірге, заңның заман талабына жауап беруі де айрықша рөл ойнайды. Міне, сондықтан да тәуелсіздік алған кезден бері еліміздің сот саласында жаңашыл реформалар жүзеге асырылып, отандық заңдардың қоғаммен үйлесімде жұмыс істеуі үшін көптеген өзгертулер мен толықтырулар қолға алынды.

Осындай өзгертулер мен толықтырулар еліміздің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін де айналып өтпеді. Халық ең көп қолданатын, ел тұрғындары жиі бетпе-бет келетін бұл кодексті қоғамның сұранысына сай жаңғыртып, жетілдіріп отыру заманауи қажеттілік. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі өзгерістер азаматтар құқығын қорғау процедурасын нақтылауға, істі тез әрі сапалы қарауға ықпалын тигізді. Мұндай жаңашылдықтар шетелдегі ең озық сот тәжірибелерін зерделеу арқылы енгізілгені белгілі.

Заңнаманы жаңарту, ол бойынша бірыңғай тәжірибе қалыптастыру өте өзекті. Бұған қоса, осы заңдардағы басты артықшылықтарды қарапайым халыққа дер кезінде түсіндіру күн тәртібінен ешқашан түспек емес. Себебі, заңның өміршең болуы, оның тәжірибеде кең қолданылуы халықтың қолдауына, мойындауына тікелей байланысты. Осыны ескере отырып, судьялар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі өзгерістер мен толықтыруларды таныстыру, түсіндіру мақсатында ҚР Жоғарғы Сотының жетекшілік етуімен «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша жаңа форматтағы сот қаулыларын әзірлеудің және оларды түсіндірудің әдістемелік ұсынымдары» деген кітапты дайындады. Осы жинақ авторларының бірі ретінде

мен де заңнамадағы жаңашылдықтарды таныстыру, кодексті қолдануда теория мен тәжірибенің үйлесімділігін көрсету бойынша зерттеу жүргізіп, соның негізінде көпшілікке пайдасы тиер қорытынды, ұсыныстарымды ортаға салдым. Бұл жинақ тек судьяларға ғана көмекші құрал емес, сонымен бірге, барша халықтың әкімшілік құқық бұзушылық істерде сүйенер бағдары іспеттес.

Бүгінгі күні Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі оң өз-

құрылысжайлардың немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген, материалдық залал келтірген көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын бұзу әрекеті жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе алты айға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

Бұл жаңашылдықтың маңыздылығы, халық үшін тиімділігі неде? Қазір уақыт – ең қымбат құндылық. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстегі өзгеріс жүргізушілердің алтын уақытын бағалауға бағытталған. Яғни, жол-көлік оқиғасына кінәлі болған жүргізуші өзінің айыбын толық мойындап, шығынның орнын еш талассыз өтейтін жағдайда іс сотта жедел қаралып қана қоймай, қаулы тура сол күні күшіне енетінін айта кеткеніміз жөн. Ал басқа қаулылар заң талабына сәйкес 10 тәуліктен кейін заңды күшіне енеді. Қағазбастылықтан арылтып, электрондық технологияның игілігін

КОДЕКСТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ІСТІ ЖЕДЕЛ, ТИІМДІ ШЕШУДІ КӨЗДЕЙДІ

герістерді халық та көріп, біліп отыр. Жалпы, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді жылдам, қиындатпай, қағазбастылыққа жол бермей шешу үшін енгізіліп жатқан бастамалар аз емес. Соның ішінде «Түнгі сот» пилоттық жобасының да халық көңілінен шыққанын айта кеткеніміз жөн. Әсіресе, бүгінгідей көлік құралдарымен жол апаты жиілеген уақытта көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар саласындағы істердің жиі қаралатынын, осы істерді оңтайлы реттеу мақсатында кодекске соңғы өзгерістер мен толықтырулардың енгізілгенін арнайы айтпай кетуге болмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 610-бабында «Көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын адамдардың денсаулығына зиян келтіруге, көлік құралдарының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген бұзушылық» үшін жауаптылық көзделген. Осы баптың 1-бөлігіне сәйкес көлік құралдарын, жүктерді, жолдарды, жолдағы және басқа да

көрсеткен бұл өзгерістің нәтижесінде қаулыны қабылдау қандай тез болса, оны іске қатысушы тараптарға жіберу, қаулыны орындату үшін құзырлы орындарға бағыттау да сондай оңтайлы реттелген. Өйткені, сот қаулы шығарылғаннан кейін енді қағаз құртып, поштаға барып, әуре-сарсаңға түспей, бар құжатты электронды түрде жібере алады. Бұл жобаның қаншалықты тез, оңтайлы, уақыт жағынан ыңғайлы, қаржылық тұрғыдан тиімді екеніне осыдан-ақ көз жеткізуге болады.

Сот қаулысының жылдам күшіне енуі жүргізушілерді әуре-сарсаңнан құтқарып, жол апатынан туындаған шығынды ертерек толтыруға, сақтандыру ұйымдарынан төленетін тиесілі соманы жедел алуға көмектеседі. Сөзіміз дәлелді болуы үшін сот істерінен мысал келтіре кетсек.

Айталық, 2022 жылғы 13 қыркүйекте Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 610-бабы

ТАРАЗЫ



С.СУТЕГЕНОВА,
Қызылорда қаласы
Әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының судьясы

өзінің қатысуынсыз кешіктірмей қарап, сот қаулысын тез арада заңды күшіне енгізу жөнінде сұраған. Осыған орай сот отырысы осы кодекстің 744-бабының 2-бөлігіне және 745-бабының 3-бөлігіне сүйене отырып іс тараптардың қатысуынсыз жүргізілген.

Істі таразылау барысында А.А.-ның құқық бұзушылық әрекеті әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасымен, медициналық куәландыру қорытындысымен, оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасы және жол-көлік оқиғасының сызбасымен, көлік құралдарының зақымдалған бөліктерімен, іске қатысушылардың түсініктемелерімен толық зерттеліп дәлелденген. Осылайша сот А.А.-ға әкімшілік жаза қолдануда оның кінәсін мойындауын жауаптылығын жеңілдететін мән-жай ретінде қарап, жасалған құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін ескеріп, осы кодекстің 610-бабы-

1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін А.А. деген азаматтың ісі қаралды. Істі зерделеу барысында белгілі болғандай, азамат тіркемесі бар көлігімен келе жатып көшеден бұрылар кезде «RavonNexia R3» маркалы автокөлігін бұйірінен соғып, Y.A. деген азаматқа материалдық шығын келтірген.

A.A. жол ережесін сақтамағанын, арақашықтықты дұрыс есептемегендіктен Y.A.-ның басқаруындағы көлікті соғып, материалдық шығын келтіргенін мойындаған. A.A. сотқа ұсынған тез арада заңды күшіне енгізу туралы өтінішхатында сот отырысына қатыса алмайтынын, әкімшілік құқық бұзушылық істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұраған. Өз кінәсін мойындайтынын алға тартқан азамат әкімшілік жаза ретінде салынатын айыппұл мөлшерін 30 пайызға дейін түсіруді және істі сотта кешіктірмей қарауды сұраған.

Өз кезегінде жәбірленуші де сотқа арызданып, онда сотқа қатыса алмайтынын, әкімшілік құқық бұзушылық істі

ның 1-бөлігінде көзделген 20 АЕК әкімшілік айыппұл салған. Бұл ретте, осы кодекстің 829-11-бабының 2-бөлігіне сай әкімшілік айыппұлдың жалпы сомасының отыз пайызынан асырмай қысқарту қолданылғанын айта кеткеніміз жөн.

Мұндай өзгерістер елдегі дауекестікті төмендету, істерді жедел әрі бейбіт шешуге бағытталған. Жалпы, дауласу, соттасу сотқа да, азаматтардың өзіне де тиімсіз. Әсіресе, заңбұзушылық жасағанын мойындап, келтірілген залалдың орнын толтыруға кінәлі тарап келісіп, залалдың көлемі екінші тарапты қанағаттандырған жағдайда сот отырысын созудың қажеті жоқ. Ортаға ешқандай зиян келтірмейтін, өзара реттеуге болатын заңбұзушылықтарды шиеленістірмей шешу арқылы қоғамда дауекестікке қарсы ортақ мәдениет қалыптасады. Сонымен қатар, осы өзгерістер арқылы әр азаматтың өз кінәсін түсініп, өз қателігін жоюға үйретуге, халықты заңға бағынуға, заңды мойындауға үйретуге толық мүмкіндік бар.

ПАЙЫМ

Қазақ халқы Конституцияға дауыс беру арқылы Президенттік басқару нысанын қолдады. Президенттік басқару нысаны мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі тармақтарының аражігін ажыратудың конституциялық міндетін икемді шешіп берді. Бір жағынан билік тармақтарының өзара тығыз ынтымақтастығы қамтамасыз етілсе, екінші жағынан олардың Конституция мен заңдарда белгіленген өзара тежеу және бір-бірінің өкілеттігіне араласпау тетігі жасалды.

РЕФОРМАЛАР ОҢ НӘТИЖЕСІН БЕРДІ

Егемендіктің алғашқы күндерінен бастап тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құру демократиялық, құқықтық мемлекетті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде белгіленді. Сондықтан мемлекеттік биліктің бір тармағы – сот жүйесінде болған тың өзгерістерге мемлекет тарапынан жасалған қолдаудың серпіліс бергені сөзсіз.

2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің өте маңызды тұғыры болды. Атап айтқанда, соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленді, соттар бір жүйеге біріктіріліп, сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің оңтайлы және тиімді негізі қаланды, Жоғарғы Сот бірыңғай сот жүйесіндегі жоғары сот сатысы деп танылды. Судьялардың әлеуметтік жағдайы қажетті деңгейде қамсыздандырылды, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Конституциялық заң сот қызыретінің шегін кеңейте түсті, судьялар сот төрелігін жүзеге асырған кезде тек заңға ғана емес, әділеттілік атты аса маңызды моральдық, құқықтық және саяси ұғымға сүйенуге мүмкіндік алды.

Судьялар тәуелсіздігінің кепілдіктері айқындалып, оның биік әлеуметтік мәртебесі бекітілді. Сот жүйесіндегі әлеуметтік, ұйымдық, құрылымдық өзгерістермен бірге сот ісін жүргізудің заңнамалық қоры да молай түсті. Қылмыстық кодекс, Қылмыстық іс жүргізу кодексі, Қылмыстық атқару кодексі, Азаматтық кодекс, «Атқару өндірісі және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заң қабылданып, қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізу заңнамасын еліміздегі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларға, елдің конституциялық құрылысына

сәйкестендіру, азаматтардың құқықтарын, меншік түрлерінің барлық нысандарын халықаралық құқықтың жалпыға танымал принциптері мен нормаларына сәйкес сот арқылы қорғау нық қалыптасты. Сот жүйесі атқарушы органның ықпалынан толық шығарылып, соттардың қызметін қамтамасыз ету функциялары Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне берілді.

Республикада нарықтық қатынастардың дамуы экономикалық қатынастарға қатысты дауларды қарайтын мамандандырылған соттарды құруға түрткі болды. Нәтижесінде, облыстар мен Астана, Алматы қалаларында мамандандырылған экономикалық, әкімшілік соттар, ерекше ауыр қылмыстарды қарайтын мамандандырылған ауданаралық қылмыстық істер жөніндегі соттар құрылды. Сондай-ақ, көмелетке толмағандардың ісі жөніндегі соттарға қатысты сынақ та еліміздің басқа өңірлерінде де осындай соттарды құрудың қажеттілігін көрсетті. Ювеналдық соттарды және Астана қаласында салық дауларын шешетін қаржылық сотты құрумен соттарды мамандандыру өз мәресіне жетті деп санауға болады.

Қазақстандық сот жүйесін халықаралық негізгі құқықтық үлгілер мен нормаларға сәйкестендіру сот-құқықтық реформасының аса маңызды мақсаттарының бірі еді. Сот жүйесін одан әрі жетілдірудегі басым бағыттардың бірі және бірегейі – соттың ашықтығы, жариялылығы, сол арқылы халық пен сот арасында екіжақты байланысты қалыптастыру болып қала бермек.

Берік УТЕЕВ,
Ақтау қалалық мамандандырылған
тергеу сотының төрағасы
міндетін атқарушы

МЕЖЕ

СОТТАЛҒАНДАР КӘСІП АШУДЫ АРМАНДАЙДЫ

Түркістан қалалық пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандар қалалық әкімдіктің жұмыспен қамту орталығы ұйымдастырған «Бос жұмыс орындары» жәрменкесіне қатысты.

Жұмысқа орналасуға ниет білдірген сотталғандар жұмыс берушілерден кеңес алып, ұсынылған бос орындар және мамандықтар бойынша өзіне қажет мәлімет алды. Бұл жәрменкенің басты мақсаты – бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды, сондай-ақ, пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарды тұрақты жұмыспен қамту.

Жалпы, шараға қатысқан пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарға жұмыс берушілер бірнеше тұрақты жұмыс орнын ұсынды.

– Бүгінгі өткізілген шара өзгеше болды. Себебі, «Бос жұмыс орындары» жәрменкесіне қалалық пробация қызметінің есебінде тұрған 15 азаматты алып

келдік. Олар мамандардан кеңес алды. Сонымен қатар, пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар жәрменке барысында ұсынылған бос жұмыс орындарынан өздеріне лайықты жұмысты қарап, сайт арқылы өтініш қалдыратын болады. Жалпы, жұмыспен қамту орталығымен бірлесе атқарған іс-шара нәтижесінде біраз адам жұмыспен қамтылған. Сотталу – соңғы үкім емес. Ең бастысы – қателікті түзетіп, жаңа өмір бастасам деген ниет болу керек. Мысалы сотталғандар арасында өзінің шағын кәсібін ашуды жоспарлап жүргендер бар. Олар шара кезінде мамандардан кеңес алып, бизнес ашудың жолымен танысты. Алдағы уақытта жұмысқа орналасып отбасыларына материалдық көмек көрсете алады, – деді Түркістан қалалық ПҚ аға инспекторы Абдуали Абдуаллаұлы.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БАСТАМА

СЕРВИС СЕНІМНЕН ШЫҚТЫ

«Электронды үкімет» ақпараттық жүйелерге ашықтық өзгерістер енгізді. Сот саласы да жаңашылдықтан шет қалмай, «Сот кабинеті» сервисін іске қосты. Сервис арқылы кез келген азамат өтініштері мен арыз-шағымдарын сотқа электронды жолдау мүмкіндігіне ие болды. Мемлекеттік баж салығын төлеу, өзге де салық түрлерінің мөлшерін анықтау, сот құжаттарымен танысу, оларды қарау, істің тарихына үңілу секілді ұзақ процестерге созылатын қызметтер енді ашық деректер есебінде халыққа қызмет ете бастады.

«Сот кабинеті» мобильдік қосымшасы – iOS, Android және Windows Phone мобильдік қосымшасы сервистерінің интерфейстерінің жаңа көкжиегі, тың көрсеткіші. Жоғарғы Сот бұл сервисі жыл сайын жетілдіріп, интеграциялап, жаңа формат, жаңа ізденіс,

жаңа мүмкіндіктерге ұмтылуда. «Сот кабинеті» бүгінгі таңда бүкіл аймақтың, әрденгейлі соттарында нәтижелі жүзеге асып жатыр. Республиканың барлық өңіріндегі әр түрлі сатыдағы сот процестері ашықтық пен қолжетімділікке негізделген.

Ақтөбе қалалық соты ақпараттық жаңашылдықтағы мұндай игіліктердің ешқайсысынан шет қалған жоқ. Бүгінде сот құжаттары мен қызмет түрлері, талап арыздар мен сот күнтізбелерінің өту реті «Сот кабинеті» арқылы өңірдің қарапайым азаматтарына қолжетімді. Ақпараттық жүйелер қарапайым, түсінікті, жалпыға ортақ тілде берілген. Тұтынушы авторизация жасау, талап арыз беру, сот хаттамасын электронды алу, оны алуға сұрау салу секілді өтініштерді арнайы мамандардың көмегімен жолдай алады.

Заман талабына сай енгізілген



А.ПИРМАХАНОВ,
Ақтөбе қалалық сотының
маманы-сот отырысының
хатшысы

сандық жүйенің қоғамның дамуына қосып жатқан үлесі зор. Электронды құжат айналымы сот саласын қағазбастылық пен бюрократиядан алыстатты. Сот халыққа жақын, ашық, заманауи салаға айналды. Алдағы уақытта да «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі мобильдік база мүмкіндіктері мен интернеттің барлық жаңалықтарының жаршысына айналып, сандық жүйенің жетістіктерін молайта бермек.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл көрсеткіштер бір жағынан көңіл қуантқанымен, екінші жағынан көңілге түрлі ой салады. Өйткені, біздің халық саны негізінен демографиялық тұрғыдан емес, шетелден атажұртына оралған қандастарымыздың есебінен өсіп отыр. Егер көші-қонның саябыр-лай бастағанын ескерсек, келесі халық санағында халықтың өсімі баяулайды деген болжам бар.

– Демографиялық өсімнің баяулауына түрткі болатын не? Неге бір кезде саны қарайлас болған Өзбекстан мен Қазақстан халқының арасындағы айырмашылық бүгінде 2 еседен жоғары болып кетті?

– Рас айтасыз. Бұрын көршілес екі елдегі қазақ пен өзбектің санындағы айырмашылық жоқ еді. 30-шы жылдардағы қолдан жасалған қырғыннан қазақтың тең жартысына жуығы немесе 1 млн 750 мың адам құрбан болды. Бұрын бізде туу да, нәрестер өлімі де жоғары болған. 1959-61 жылдары нәрестердің өлімі азайып, қазақ демографиялық өсім жағынан әлемдік рекорд жасады. Өкінішке қарай, одан кейін бұл үрдіс өз жалғасын таппады. Қазақ отбасында дүниеге келетін бала саны азайды. Ал өзбектерде көп балалы болу үрдісі тоқтаған жоқ. Сандық көрсеткішіміз төмен, бірақ біздің кейбір сапалық өзгерістеріміз жоғары. Қазақстанның ішкі жиынтық өнімі (ІЖӨ) Өзбекстаннан 2,5 есе артық. Сондықтан енді туу көрсеткішін жақсарту алмасқа т, көрші елдегі қандастарды тартуды бұрынығыдан әлдеқайда анығырақ жүргізіміз керек.

– Ауыл халқы 2009, 2019 жылдарғы санақта 43,6 және 43,9 пайызды көрсетіп, көрсеткіш тұрақты болған еді. Былтыр ол 38,8 пайызға дейін төмендегені байқалды. Бұл қалыптп құбылыс па?

– Саяси басқару әрдайым қалада болғандықтан, басқарушы позиция қалалықтарда болады. Сондықтан қазақтың қалада көп болғаны саяси тұрғыдан ұтымдырақ. Бірақ оның бір кемшілігі, қала отбасындағы бала санын тежейді. Сол себепті урбанизация үрдісінен бала саны күрт азайып кетті.

Жалпы, урбанизацияның екі түрі бар. Біреуі – кәдімгі, екіншісі – ортаазиялық. Екіншісі негізінен өзбекке қатысты. Тұрмыс пен өнеке өнімділігі төмен болғанымен, бала саны көп. Өйткені, өзбектер қалалар мен махалаларда, ал қазақтар негізінен ауылда қоныстанды. Қазақтар қалаға көшіп келіп, орныққанша туу үрдісі құлдырай берді. Қазақтардың пәтерден пәтерге көшіп, қаржы жинаймын деп жүріп тұрмыс тауқыметін әбден тартып, жеке баспағанға енді қолы жеткенде жастары 40-тан асып кетті. Одан кейін қайдан туу көрсеткіші жоғары болмақ.

– Сонда демографиялық өсімнің баяулауы алдағы уақытта бұдан да жоғары болуы мүмкін бе?

– Туу төмендей береді. Бірақ сапалық өзгерістер де болады. Саяси билік – қалада. Онда еңбек өнімділігі де жоғары. Қалада қазықтың дауысы естіледі. Ауылдағыларға қарағанда қаланың қазағы көбірек теледидар көреді, газет оқиды. Саясатқа араласады. Митингке барады. Бұл үрдіс заңды және керекті. Бірақ оның келеңсіз жағдайы – туу төмендейді. Бұл қазаққа ғана қатысты емес, әлемдік үрдіс.

– Қазақстандағы мемлекет құраушы ұлт саналатын қазақтың үлесі 70 пайыздан асты. Мемлекеттік тілді білмейтін өзге этнос өкілдерінің елден кетуі жалғасуда. Осыған байланысты біздің моноұлтты мемлекет болу мүмкіндігіміз қандай?

– Менің ойымша, казак моноултты мемлекет болмайды. Казак Казак хандығы дәуірінде де бір ғана ұлт өкілдерінен тұратын моноултты мемлекет болған жоқ. Казак хандығының құрамында ол кезде де бірқатар ұсак этностар болды. Кыргыз, калмак, каракалпак пен казактанган ноғайлар болған. Казак ешқашан ешкімді сен бөтенсің деп шеттетпеген. Тіпті, сол кездің өзінде казак пен өзбектің бөлінгені династиялық принципте ғана болған ғой. Казактарды Орыс хан ұрпағы, өзбектерді шиванилер басқарған. Сол себепті бабаларымыз «өзбек – өз ағам» деген. Қазакқа өзбек кыргыздан да жақын. Осыған қарамастан казак орыспен де, калмакпен де емес, өз бауыры өзбекпен көп соғысты.

– Моноұлттық мемлекет болу үшін оның үлесі мұнша болу керек

деген белгілі бір ереже-қазіда бар ма?

– Таза моноұлтты мемлекет деп негізінен Корея, Жапония елдерін айтуға болады. Онда мемлекет құраушы ұлттың үлесі жалпы халықтың 95 пайызын құрайды. Сол сияқты

*де Қазақстаннан кетеді деген
сөз бе?*

– Іс жүзінде оларда бейімделу болғанымен, ассимиляция жоқ. Бұл әсіресе, орыстарда басым. Олардың империялық ұстанымы өзгермеген. Орыстар қазақты орыс қылғысы ке-



Әзімбай ҒАЛИ,
тарих ғылымдарының докторы, демограф, саясаттанушы.

ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ БІРІНШІ КОМПОНЕНТІ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУ

Германия да моноұлтты ел саналады. Алайда онда сырттан келгендер де көп болғанымен, халықтың бәрі немісше сөйлейтіндіктен, саясаттанушылардың бәрі моноұлтты мемлекет деп санайды. Қытай мен Ресейді де политникалық тұрғыдан моноұлтты деуге болады. Қытайда ұйғырлар бөлек тұрады. Ішкі моңғолдардың да өз автономиясы бар. Ресейде де татар, башқұрт, саха деген сияқты бірқатар аз санды ұлттардың автономиялық бөліністері болғанмен, Қытайдағы халық – қытай тілі, Ресейдегі халық – орыс тілі арқылы біріккен. Қазақстанда этникалық бөлініс болмағанымен, халық толықтай мемлекеттің тіл арқылы қазақ тілді және орыс тілді болып екі топқа бөлінген.

– Халық санағы есебі бойынша 5 жастан жоғарғы мемлекеттік тілді меңгерген халықтың саны 17,1 млн болса, меңгермегені – 3,4 млн адам екен. Оның ішінде 2,8 млн орыстың 2,1 млн-ы (74,9%), 370071 украинның 282 395-і (76,3%), 210 417 немістің 157 335-і (74,8%), 72838 белорустың 56231-і (77,2%), 33370 поляктың 25 998-і (77,9%), меңгермеген. Саны жағынан қазақтан кейінгі орында тұрған орыстардың мемлекеттің тілге қырын қарауы негізден?

– 30 жылдың ішінде олардың мемлекеттік тілді білмеуі, тіпті білгісі де келмеуі саяси принципінен, ассимиляцияға деген қарсылықтан. Олар осы арқылы өзінің саяси мүддесін қорғауға тырысуда. Қазақстан дербес ел болса да, олардың әлі ішкі сана-сезімі бөлек. Олар Конституцияда Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілгеніне қарамастан, маған ұлтаралық тілде сөйленіз деп талап етеді. Бұл үрдіс олардың иммиграциясына әкеледі. Қарап отырсаңыз, көшіп жатқандардың 98 пайызы басқа ұлт өкілдері. Олардың ондағы мотивациясы тұрмыс деңгейі қазақтың алақозбен қарауы емес, тілдік сыйыспаушылықтан болып отыр.

– Бұл мемлекеттік тілді білмейтін 3 млн 426 306 адам ертеме, кеш пе бәрібір түптің түбін-

леді. Олар орысша бағдарламасы болса да, қазақ теледидарын көреді дегенге мен сенбеймін.

Бұл санақта басқа ұлттар мен өзінің ұлтын көрсетпегендердің 68,2% мемлекеттік тілді меңгермегені анықталып отыр. Бұдан бөлек, кәрістердің 63,5 %, шешендердің 59,1 %, дүнгендердің 49,8

30 жылдың ішінде олардың мемлекеттік тілді білмеуі, тіпті білгісі де келмеуі саяси принципінен, ассимиляцияға деген қарсылықтан. Олар осы арқылы өзінің саяси мүддесін қорғауға тырысуда. Қазақстан дербес ел болса да, олардың әлі ішкі сана-сезімі бөлек. Олар Конституцияда Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілгеніне қарамастан, маған ұлтаралық тілде сөйлеңіз деп талап етеді. Бұл үрдіс олардың иммиграциясына әкеледі. Қарап отырсаңыз, көшіп жатқандардың 98 пайызы басқа ұлт өкілдері. Олардың ондағы мотивациясы тұрмыс деңгейі не қазақтың алакөзбен қарауы емес, тілдік сыйыспаушылықтан болып отыр.

%, татарлардың 49,5 %, қырғыз бен әзірбайжандардың 41,5 %, түріктердің 39 % қазақ тілін білмеймін деген.

Осы арада айта кететін тағы бір жағдай өз ұлтының тілін ана тілім деп көрсету басқа ұлттарда 38,4 % болса, украиндарда 14,7 %, немістерде 25,6 %, поляктарда 26,2 %, кәрістерде 36,7 % болды. Басқа ұлттың тілін ана тілім деп көрсету украиндарда 85,3 %, немістерде 74,4 %, поляктарда 73,8 %, кәрістерде 63,3 %, беларустарда 35,2 %, әзірбайжандарда 26,6 %, қырғыздарда 26,3 % болып отыр.

– Қазақстандағы мемлекеттік тілді меңгерген 80,1 пайыз халықтың мүддесін қорғау үшін бәрін біріктіруші ретінде қазақ ұлтына мемлекеттік саясатта басымдық беруге бола ма?

– Бізге оның қажеті жоқ. Ұлттық дәстүр мемлекеттік саясатта басым

деп жарияланбаса да, қазақтың өзіне деген ұлттық сенімі жоғары. «Мың өліп, мың тірілген» дегендей қазақтың арғы-бергі тарихында небір нәубет болса да, оның бәрінен өтіп, осы күнге дейін аман жетуінің өзі оның ұлттық рухының биіктігін көрсетеді. Мәселен,

элеменің бірқатар елдерінде, әсіресе, Англияның отары болған жерлерде аз емес. Қазақстан алдымен патшалық Ресейдің отары, одан кейін КСРО құрамындағы республика болғанымен, қазақтың ұлттық санасында кері кету үрдісі кең етек алған уақыты болған жоқ. 1986 жылғы көтеріліс оған қарсыластардың бір көрінісі деуге болады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, ұлт белсенділерінің ғана еңбегі емес, ұлттың өз ішіндегі үрдістің жемісі болды. Белсенділер тек соның көрінісі екеніне қазір менің көзім анық жетіп отыр. Ұлттық сананың қозғаушы күші өте зор. Ұлттық мәселенің шешілуі әрдайым жоғарыдан емес, төменнен жүзеге асты. Қазақтың мәселесін негізінен қазақ қана көтеріп, жүзеге асырды.

– Санақ қорытындысы бойынша халықтың 69,1 пайызы діни сенімі бойынша өзін мұсылман деп санайды екен. Ұлттық сананың бір компоненті ретінде дінің рөлі қандай?

– Оның ішінде белсенді, белсенді еместер де бар. Діндарлық бізде аса терең емес. Мұсылман қоғамында да ешбір елде 100 пайыз халық мешітке бармайды. Қазақстанды дәстүрлі құндылығы бар, мұсылман елі деуге болады. Дін – ұлттық құндылықты қостаушы күш. Ол ұлттық сананың бір компоненті ғана.

– Сонда дін мен тілдің қайсы-сы ұлттық сананың негізгі компоненті бола алады?

– Дін де бірінші емес, тіл де негізгі емес. Ұлттық сананың бірінші компоненті ұлттық бірегейлену. Өзің-өзі бағалауы. Ата-анасы басқа ұлт болуы да мүмкін. Кәсіпқой бокс әлемінде есімі көпшілікке әбден таныс отандасмыз Геннадий Головкиннің «әкем – орыс, анам – кәріс, өзім – қазақпын» деуі саяси бірегейліктің жарқын көрінісі.

– Соңғы жылдары әлеуметтік желілерде жұртшылық тарапынан ұлттық санаға діннің кері әсер ететіні қызу талқыланып жүр. Сіздіңше бұл қанишалықты негізді дүние?

– Діннің бөлшектеуге қарағанда,
біріктіретін жағы басым.

– Қысын бойынша Ресей мен Украина соғысы Ресейдегі қазақтың елге оралуын тездетуі тиіс еді. Алайда іс жүзінде бұл үрдіс аса белсенді жүрген жоқ. Бұл неліктен?

– Рас айтамын. Ресей қазақтарының қозғалатын түрі жоқ. Көріш елдің ресми статистикасы бойынша онда 700 мыңнан астам қазақ тұрады. Ресей саяси және экономикалық дағдарыста болса да, ондағы қазақтардың елге қайтуға деген белсенділігінің артапын ұлттық санамен де байланыстыруға болатын шығар. Оны төмен не жоғары деп бірден кесіп-пішуге болмайды. Оған арнайы зерттеу жұмысы қажет. Ал енді Қытай қазағына келсек, оларға кінә артуға болмайды. Коммунистік, тоталитарлік режимде бәрі қорқады. Рұқсат берген күннің өзінде де ол біз күткендегідей жоғары болмады. Сондықтан оларға зор үміт артудың қажеті жоқ. Ал Өзбекстан, Моңғолия, Түрікменстан, Иран сияқты өзге алыс-жақын елдердегі қандастарымызды елге оралту жұмысы мемлекеттік қолдауды әлі де нақтылауды қажет етуде.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АЛҚАБИЛЕР — ДЕМОКРАТИЯҒА ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

Қазақстандық соттың өткені мен бүгінін сараптап отырып, көптеген ілгері істердің атқарылғанына көз жеткізуге болады. Сот тәуелсіздігінің нығайтылуы, соттардың мамандандырылуы, сот сатыларының оңтайландырылуы, сандық технологияның жаппай енгізілуі саланы жаңа биікке көтерді. Соның ішінде «Алқабилер туралы» заңның қабылданып, халық өкілдерінің сот процесіне қатысуының орны бөлек. «Алқабилер туралы» заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындады.



2007 жылдан бастап қылмыстық істер алқабилердің қатысуымен қарала бастады. Бұл бастама отандық сот жүйесінің дамуындағы демократиялық қадам ретінде жоғары бағаға ие болды. Алқабилер институты қарапайым халық өкілдерінің сот билігін жүзеге асыру процесіне қатысуына мүмкіндік берді. Мұндай жанашылдықты енгізудегі басты себептің бірі – қатаң жаза қолданылатын істерде адамның құқықтары мен бостандығының шектен тыс бұзылуына жол бермеу. Жалпы, «Алқаби туралы» заңда дәйектелгендей, алқаби дегеніміз соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына арнайы шақырылған және ант қабылдаған еліміздің кез келген азаматы.

Өрине, жаңа жобалардың қоғамға бірден сіңісті болып, көпшілік көңілінен шығуы қиын екені мәлім. Алқабилер сотын енгізгенде де көлденең кездескен кемшіліктер аз болмады. Соның ішінде алқабилерді іріктеу ісіндегі қателіктер туралы айтпай

кетуге болмайды. Алқабилер тізімін жасау міндеті жүктелген әкімдік қызметкерлерінің жауапсыздығынан тізімге қайтыс болған, сотталған, заң саласында жұмыс істейтін азаматтардың еніп кеткен тұстары баршылық. Мұндай тізімді жасау кезінде азаматтардың шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, тіліне, дініне, нанымына, тұрғылықты жеріне қандай да бір шек қойылмайды. Алқабиді сот отырысы күні жұмысынан босатады және әрбір сотқа қатысқан күніне ақша төленеді.

Алайда, алғашқы кездері көпшілік арасынан таңдалған азаматтардың алқаби болудан бас тартып, одан қалса, сот отырыстарына кешігіп келуі, себепсіз келмей қалуы секілді жағдайлар тәжірибеде жиі орын алатын еді. Бұл ең алдымен сотқа деген құрметтің кемдігін көрсетеді. Сонымен бірге, бұл азаматтардың алқаби болудың маңызын түсінбегенін, құқықтық сауатының төмен-

дігін айғақтайды. Бұған қоса, үлкен жауапкершіліктен қорқып, адамның тағдырын шешуді мойнына алудан жүрексінетіндер де алқаби болудан бас тартып жатады.

Алқабилердің жауаптылығы судьядан бір кем емес. Олар өздерінің ішкі нанымы бойынша шешім шығарады. Алқабилер өзі қатысқан соттағы дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сонымен бірге алқабилер ең басты үш мәселеге жауап беруі керек: Біріншіден, әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме? Екіншіден, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма? Соңғысы – бұған сотталушы кінәлі ме? Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес алқабилер ісі қаралып отырған азаматты айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылдайды.

Осындай зор міндет жүктелгендіктен, алқабилер институтын одан әрі дамыту, соның ішінде алқабилікке кандидаттарды сотқа дейін іріктеу рәсімдерін жетілдіру мәселесі үнемі басты назарда тұр. «Кенесіп пішкен тон келте болмайды» демекші, бүгінгі күнге дейін кенесе, бірлесе отырып жүргізілген жұмыстар нәтижесіз емес. Алқабилер қараған істер санының жылдан жылға артуы соның дәлелі. Бұл өз кезегінде алқабилер сотының құзыретін кеңейтуге ықпал етті. Халықтың сот отырысындағы белсенділігін көтеріп, азаматтардың алқаби ретінде төрелік жасауына жол ашқан бұл иституттың болашағы зор. Алқабилер сотының құзыретін одан әрі кеңейтіп, жұмысты жандандыру – заман мен халық талабы.

Б.БАКИРБАЕВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БИЛЕРДІҢ ІСІ БІЗГЕ ҮЛГІ

Қазақтың заңға бағынғанына, құқықтық қағидаларды сақтағанына тарих куә. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Өз-Төукенің Жеті Жарғысы» өз заманының заңдық жаршысы, халықтың сенімді қорғаны бола білді.

Осы құжаттардың барлығының дайындалуына хандар бастамашы болғанымен, заңның негізін жасаған билер екені даусыз шындық. Өйткені, халықтың жайын, елдің мәселесін ханнан гөрі, би жақсы біледі. Оны билерге жүктелер жауаптылықтың каншалықты зор болғанына қарап бағамдау қиын емес. Билер адвокатың да, прокурордың да, соттың да, медиатордың да рөлін қатар атқарған әмбебап адамдар. Бұған қоса, екі елді елдестіру, мемлекет арасындағы мәселелерді шешудің де билерге тапсырылғаны баршамызға белгілі.

Биге артылған жауаптылық қандай жоғары болса, оған көрсетілетін құрмет те сондай биік еді. Айналасына өзін мойындақтан, сөзін тыңдақтан билер кез келген дауды ақылмен, бітіммен шешкен. Биді сарыландықтан, бидің айтқан төрелігін мойындағандықтан айтылған кесім, берілген үкімнің орындалмайтын кезі болмайтын. Қазіргі судьялардың билер институтынан алар үлгісі мол.

Билер жолына, бітімгершілік үрдісінің маңызына соңғы жылдары ерекше мән берілуде. Өйткені, бұл біздің құқықтық тарихымыз. Сонымен бірге, билер билігі қазақтың дауды бейбіт шешуге ниетті, ел бірлігін сақтауды басты орынға қойған ел екенінің дәлелі. «Медиация туралы» заңның қабылдануы билер институтын жаңғыртудың, елдегі даукестікті азайтып, тараптар арасындағы татулықты сақтаудың ізгі қадамы десек қателеспейміз.

«Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілуі қоғамға үлкен өзгеріс әкелді. Бұл заң ең алдымен билерге, билердің төрелік дәстүріне, сол арқылы қазақтың құқық алаңындағы өзіндік қағидаларына деген құрметті арттырды. Соның нәтижесінде бірқатар қазақстандық ғалымдар бірегей билер соты туралы мәселені оқу орындарында зерттеумен шектеліп қоймай, көшпенділер өркениеті құқықтық жүйесінің жалпы мәдени құндылығын әлемдік қоғамдастыққа танытуға ұмтылды. Екіншіден, «Медиация туралы» заң елдегі даукестікті төмендетуге, дауларды өзара бітіммен шешу мәдениетін қалыптастыруға игі ықпалын тигізді. Үшіншіден, заңның қабылдануы ел арасындағы ақсақалдардың беделін көтеріп, ауыл ішіндегі

келіспеушілікті өзара шешу арқылы сыйластықты, татулықты сақтаудың негізін қалады.

Жалпы, сөзі тасқа басылған, ісі көпке мұра болған билерден үйренеріміз өте көп. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесінің іргетасы екені шындық. Сот жұмысын жандандыруда билер тәжірибесін зерделеу, билердің сөз сөйлеу, ой қорыту, көпшілікті ұйыту қасиеттерін үйрену аса маңызды. Бұл үшін әлемдік өркениет үдерісіндегі қазақ билер сотының рөлін, оның экономикалық, әлеуметтік, институционалдық аспектілерін, қазақ құқығының этно-антропологиялық негізін әлі де терең зерттей түскен жөн. Сонымен бірге, билер соты институтының қазақстандық қоғамның мемлекеттілігі мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы орнына баға берген абзал. Шындығында қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді ұлы даналары бізге бай рухани мұра қалдырды. Билер соты қазақ қоғамында топтастырушы рөл атқарып, мемлекеттің маңызды институты, тіпті оның тірегі болды. Бұл мемлекетті сақтаудың, қазақ көшпенділерінің бірлігін қамтамасыз етудің қуатты факторына айналды.

Билер соты институты жоғары моральдық сот ретінде іргелі қағидадарға негізделді. Атап айтқанда, бидің сатылмайтындығы, әділеттілік, шешімдерінің мәні мен моральдық бағыты, бидің қолжетімділігі мен жариялылығы, шешендік өнерді меңгеруі, тараптарды татуластыруы және құқық бұзушылық салдарынан келтірілген залалды толық өтеуі дала сотының өзіндік ерекшелігі мен әлеуетін білдіреді. Билер сотының тағы атап көрсетерлік айқын белгілерінің бірі оның рухани бағытты ұстанатындығында екенін айтқан жөн. Өйткені, билер қараған даулардың рухани мазмұны әрдайым басым болды. Билер билік жүргізу кезінде ең алдымен қоғамда қалыптасқан моральдық көзқарастарды ұстануға тырысты.

Қазір осы билер институтын насихаттап, маңызын көтеру бағытында ауқымды шаралар қолға алынуда. Мұндай игі істердің басында сот жүйесі мен судьялардың тұрғаны белгілі. Судьялар билер институтының өткені мен болашағына қатысты халықтың танымын көтеруде, билерді дәріптеу, насихаттау жұмыстарында көш басында жүр. Әділетті үш биге арналған ескерткіштердің әр сот ғимаратынан орын алуының өзі сот саласының билерге деген жоғары құрметінің белгісі болса керек.

Д.ЕРАЛИЕВ,
Сыдария аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында жариялаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Бөрекелі қоғам» деген тақырыптағы жолдауы көпшілік арасында қызу талқылануда. Бұл Президенттің Қазақстан халқына арнаған бесінші жолдауы. Барлық саланың жетістігі мен кемшілігін екшей отырып, ертеңіне бағыт-бағдар беретін болғандықтан жолдаудың қоғам өміріндегі маңызы өте зор. Бұл жолғы құжатта да халықтың көкейінде жүрген біраз түйіннің тарқатылып, толғақты мәселелерді шешуге нақты нұсқау берілегенін айта кеткеніміз жөн.

СОТ ШЕШІМІ — ӘДІЛЕТТІЛІК ӨЛШЕМІ

Әсіресе, әйелдердің зейнет жасының қысқаруы, жоғары білім алатындарға жеңілдетілген несиенің қарастырылуы, шетелден әкелінген көліктерді жеңілдікпен тіркеу, тәрбиешілер айлығының көтерілуі секілді қоғам талқысына жиі түсіп келе жатқан мәселелердің оң шешілетіні жұртшылықтың ризашылығын тудырды. Жолдауда берілген тапсырмаға сай бүгінде Салық кодексін, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңды дайындап, қабылдаудың негізі жасалуда.

Қай жолдауды алсақ та, онда сот саласын жетілдіру, судьялар жұмысын жандандыру бойынша жоғары міндеттердің қойылып келе жатқанына куәміз. Ал биылғы құжат атауының өзі сот, құқық қорғау органдарын алдағы уақытта түбегейлі реформалардың күтіп тұрғанынан хабар беретіндей. Әділетті мемлекет құрып, біртұтас ұлт, бөрекелі қоғам қалыптастыруда сот жүйесіне жүктелер міндет ауқымды болары талассыз. Өйткені, қай мемлекетті алсақ та әділеттілік ұғымы сот жұмысымен үндес, мазмұндас. Жаһандық рейтингтерде мемлекеттегі әділеттіліктің өлшемі ретінде сот шешімдерінің зандылығы, төреліктің туралығы басшылыққа алынатыны да сондықтан. Ал әділ шешім шығару үшін заңдағы қағидадарды халықаралық талаптармен үндестіре дамыту азық етеді. Ол үшін сот пен судьялардың кедергісіз, сыртқы ықпалсыз жұмыс істеуіне жағдай туғызу аса қажет.

Биылғы жолдаудағы бесінші бағдар «Заң және тәртіп» аталып, онда сот құрылымын жаңғыртуға айрықша мән берілген. Мемлекет басшысы елде заң үстемдігі орнауы үшін сот төрелігінің әділ атқарылуы керектігін үнемі ескертіп келеді. Ал сол әділдіктің басында судья тұрады. Ендеше, судьяларға қойылатын талап та бір мысқал төмендемек емес. Соған орай, Президент қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтауды тапсырды. «Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін тенебірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған еріптестеріне тәуелді болмауы керек» деді.

Жалпы, судья заң мен арды басшылыққа алып, шешім шығарарда тәуелсіз болуы керек. Ол үшін бұл жолдауда судьяларды қай сотта, қай сатыда қызмет еткеніне қарамай, занды түрде

тенебірту мақсат етіліп отыр. Соның ішінде сот төрағасы лауазымын алып тастау туралы ұсыныс бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Бұл мәселе бұрын да айтылған. Мәселен, екі судья ғана қызмет ететін аудандық соттарда бір судьяны ерекшелеп төраға тағайындау қолайсыз.

Сонымен қатар, сыртқы ортаның сотқа ықпал етуіне тосқауыл қою түбегейлі шешілмек. Бұл бүгінгідей зайырлы мемлекет құрып, өркениетті елдер қатарына қосылуды мұрат еткен Қазақстан үшін өте маңызды. Осы ретте судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрін жою бойынша іс-шаралардың қабылдануы құптарлық.

Жолдауда судьялардың мәртебесін көтеріп, тәуелсіздігін нығайтумен бірге, олардың жауаптылығына қатысты да жоғары міндеттер жүктелгенін байқауға болады. Президенттің: «Судьялардың сот мәртебіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс» деген сөзі адам тағдырына қатысты үкім шығаратын судьяның қателікке жол бермеуі керектігін мензейді.

Жалпы, судья қателігінің алдын алу жайында жүргізілген жұмыстар аз емес. Бұл мәселе Жоғарғы Соттың да басты назарында тұр. Бірыңғай сот практикасын қалыптастыру, судьялардың сот актісін дайындаудағы жауаптылығын көтеруде бұған дейін атқарылған іс-шаралардың нәтижесі жоғары. Әсіресе, сот жұмысына қатысты туындаған мәселелерді өзара талқылау, семинар, дәрістер ұйымдастыру, Нормативтік құқықтық актілер әзірлеу, судьялар мен мамандардың біліктілігін көтеруге жағдай туғызудың қателікті болдырмауда көмегі көп. Ал жолдауда айтылғандай «Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қарау бұл бағыттағы нәтижелерді одан да жақсартарды деген ойдамыз.

Қазіргі уақытта Президенттің жолдауын талқылап, түсіндіру бойынша көптеген игі шаралар қолға алынуда. «Көптің қолы көкке жетеді», – деп бабаларымыз айтқандай, көптің көңілінен шыққан бұл жолдау да мемлекеттің дамуына, азаматтардың әл-ауқатының артуына қызмет етеді деп сенеміз.

Нұрғұл БАТЫРХАН,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы,
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЗАҢСЫЗ АЛЫНҒАН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Экономикалық ресурстарды заңсыз шоғырландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия заңсыз берілген немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жер учаскелерін қайтару бойынша жұмыс жүргізуде.

Комиссияның ресми өкілі Зейін Әліпбектің мәліметінше, жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмағаны және олардың заңсыз берілгені үшін прокурорлар 109,5 мың гектар жер телімін қайтару бойынша қадағалау актілерін енгізді, оның 75 мың гектары қайтарылды.

Атап айтқанда, келесі жер учаскелері қайтарылды:

- Қостанай облысында аудандық жергілікті атқарушы орган Жер кодексін бұза отырып, оған өкілеттігі болмаса да (облыстық деңгейдің ғана құзыреті) кадастрлық құны 12 млн теңге болатын 1 мың гектар жерді АҚ-ға берген. Бұдан бөлек, АҚ осы учаскеде жұмыс жүргізу барысында Су кодексінің 5-бабын бұзған (су объектілерін ұтымды пайдалану қағидаын бұза отырып «Кіші танат» көлін құрғатқан), осыған орай құны 140 млн АҚШ долларынан асатын 7 млн тоннадан астам кен өндіруге АҚ алған экологиялық рұқсаттың да күші жойылды;
- Екібастұзда кадастрлық құны 102

млн теңге болатын жалпы ауданы 15,3 мың гектар пайдаланылмаған жер учаскелері;

- Ақмола облысының Қосшы қаласында кадастрлық құны 600 млн теңгеден асатын 20 гектар жер учаскесі, ол 2005 жылы сауда-саттық рәсімдерін сақтамай, ЖШС-ның пайдасына заңды бұза отырып сатылған;
- Жамбыл облысының Сарысу ауданында кадастрлық құны 336 млн теңге болатын 60 мың гектар жер учаскесі қайтарылды. Жер жоба ұсынбастан ЖШС-ға заңсыз берілген;
- Алматы облысында кадастрлық құны 140 млн теңге болатын 16 мың гектар жерді мемлекетке қайтару туралы бес қадағалау актісі енгізілді. Мысалы, Қарасай ауданында ЖШС 2006 жылдан бері кадастрлық құны 64 млн теңге болатын 4 546 гектар ауыл шаруашылығы жерін пайдаланбаған. Бұл жерлердің бір бөлігі Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалатын аймағында орналасқан, – деп қорытындылады Зейін Әліпбек.

Экономикалық ресурстарды заңсыз шоғырландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия

КОРОНАВИРУС (COVID-19): НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Әлемдегі барлық адамдар коронавирус (COVID-19) ауруы жайлы ақпаратты алып, өздерін және жақындарын коронавирустан қорғау үшін қажетті сақтық шараларын қолданады. Ауру (COVID-19) туралы негізгі ақпаратты, аурудың белгілерін, асқынуларын, оның қалай берілетіндігі және оның басқаларға таралуын қалай тоқтату керектігін түсіну керек.

COVID-19 туралы ЮНИСЕФ, ДДСҰ және Денсаулық сақтау министрлігі сияқты сенімді көздерден хабардар болып отырыңыз. Адамдар интернетте бөліскен жалған жаңалықтар мен ақпараттардан сақ болыңыз. Денсаулыққа байланысты дағдарыс кезіндегі дезинформация адамдарды вирустың әсеріне әлсіз және осал етеді. Бұл паранойяның таралуына, қорқыныш пен стигматизацияға әкелуі мүмкін.

Ковидтің белгілері – температура құбылып отырады, иіс пен дәм сезу төмендейді, мұрын бітеледі және мұрыннан су ағады, бұлшықет ауырады, бұындар сырқырайды. Респираторлық кезенге дейін (6-7 күн) және респираторлық кезең деп екіге бөлінеді. Жастарда көбіне ауру респираторлық кезенге дейін аяқталады. «КВИ мен ЖРВИ және тұмаудың айырмашылығы неде?» деген сұрақ көпшіліктің көкейінде туындайтыны анық. Айта кетейік, КВИ-де инкубациялық кезең ұзағырақ, айқын интоксикация белгілері, респираторлық синдром болады, иіс пен дәм сезу төмендейді, мұрын бітеледі.

КВИ-ді асқындырып алмау үшін алдын алу - емдеу және қорғау режимін және дәрігер тағайындаған ережені сақтаныз, өзін-өзі емдеумен айналыспаныз. COVID-19 жеңіл формасы болса, отырып қалмай, қимылдау керек, көп жылы су ішініз және белсенді болыңыз (жүру).

Коронавируc инфекция салдары, ең алдымен, созылмалы аурулары бар егде жастағы адамдарда, иммун тапшылығы бар жандарда өлімге себеп болуы мүмкін. Адамдардың бұл топтары ерекше назарға алуды және қамқорлық жасауды қажет етеді.

Адам көп жиналатын жерлерден аулақ болу керек, маска немесе респиратор кию керек. Егер созылмалы аурудан емделіп жүрсеңіз, емді жалғастырыңыз.

Дәрігерлер КВИ-дің қоғамда таралу деңгейінің ықтимал артуына дейін адам көп жүретін қоғамдық орындарға бармауға кеңес береді.

Б.Д.ҚЫДЫРБАЕВ,
Сарысу аудандық орталық ауруханасының директоры

ТАРАТУ

2. «Тұлпар и К» селолық тұтыну кооперативі, БСН 120340002457, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Н.Есболатов ауылы, Төлебаев көшесі, 22.

6. «INTERDSV» ЖШС, БСН 150340007235, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: РК, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Қалау Иманғалиев көшесі, 339 үй, пошта индексі 060100.

8. «Жаңаөзен қаласының Каратэ-до федерациясы» қоғамдық бірлестігі өзінің жойылатындығы туралы хабарлайды, БСН 970340019527, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, 5 ш/а, үй ДТШ спортзалы, индекс 130200. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жаңаөзен қ., Жұлдыз ш/а, 23 көше, 119 үй. Тел.: 87786404640.

11. «ARDIN Com» (АРДИН Ком) ЖШС кредиторларының назарына! «ARDIN Com» (АРДИН Ком) ЖШС Тарату комиссиясы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 486 Б үй, литер А, ерікті түрде тарату туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының қолданысындағы заңнамасымен және «ARDIN Com» (АРДИН Ком) ЖШС-ның жарғысында бекітілген тәртіппен және мерзіммен тарату жүзеге асырылады.

Кредиторлардың талап-өтініштері «ARDIN Com» (АРДИН Ком) ЖШС-ке тарату комиссиясымен жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі күнгізбелкі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 486 Б үй, литер А.

14. «ӘДІЛ ЛОМБАРД» ЖШС, БСН 140740002445, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін – ломбард қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтату жөнінде ерікті түрде өтініш жасағаны туралы хабарлайды. Лицензия нөмірі 17.21.0041.Л 25.03.2021 ж.

15. «Четыре комнаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Астана к., БСН 160140002239, өзінің жойылатыны туралы хабарлайды. Өтініштер мен наразылықтар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 35 үй, 33 пәтер.

МҰРАГЕРЛІК

9. 07.04.2022 ж. қайтыс болған азамат Дүйсенбі Мәмдин Дүйсенбіұлына қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» СО бойынша орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

7. 22.03.2022 ж. қайтыс болған аз Құлқараев Жұманазар Жұлдызбайұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар, Қызылорда обл., Шиелі ауд.,Шиелі кенті,Сейфуллин к., н/ж, «Шаңырақ» СО бойынша орналасқан мекенжайдағы жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.87014743502.

12. 23.04.2007 ж. қайтыс болған азамат Бәкіров Сапарға қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайдағы жеке нотариус А.Е.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

ӨРТҮРЛІ

10. Алматы қаласы МАЭС-ның 19.09.2022 ж. ұйғарымымен «Фобос» ТК-не, БСН 930940000917, мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тракті көшесі, 58/1 учаскесі, тел.: +77759903592, қатысты оңалту рәсімдерін жүргізу туралы азаматтық іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:	
Алматы қаласы Тел.: 8(727) 292-43-43,	
8 (708) 929-98-74	
E-mail: zanreklama@mail.ru	
zanreklama.kz	

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 **www.gazetysaiaty.kz**, e-mail: **vsegazety@mail.ru** Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAiROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: **kaldybaeva@mail.ru**. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

4.	«Семей орманы» МОТР РММ бас директордың м. а. Б. О. Бердикеновке
	мекенжайы бойынша тұратын:
	телефон _____
	байланыс тел. _____

Өтініш

Мені азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа _____

_____ қатысуға жіберуіңізді сұраймын:

Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Менің дербес деректерімді, оның ішінде психоневрологиялық және наркологиялық ұйымдардан жинауға және өңдеуге келісімді білдіремін. Менің әңгімелесуімнің бейнежазбасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында трансляциялаумен және орналастырумен келісемін _____.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін. Қоса беріліп отырған құжаттар:

1) Қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы анықтама;

7) соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама;

8) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (№075);

9) психологиялық диспансердің анықтамасы;

10) наркологиялық диспансердің анықтамасы.

(қолы)	(Тегі, аты - жөні)
“ _____ ”	20 __ ж.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Семей орманы» МОТР» Республикалық мемлекеттік мекемесі, пошта индексі 071404, Абай облысы, Семей қ., Тұқтабаев көшесі, 19 үй, электрондық пошта: **semey_ormany2019@mail.ru**, ақпарат үшін: кадрлық және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің тел. 8(7222)777-146, материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (1 бірлік).

А3-1 санаты, лауазымдық жалақысы жұмыс өтіліне байланысты 115207,47 теңгеден 140691,15 теңгеге дейін

Біліктілік талаптары: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі», 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VІ, «Азаматтық қызметшілердің қызметтік әлеп кодексі» заңдары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 342 бұйрығымен бекітілген. Ұйымды материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер, қолданыстағы халықаралық құжаттар мен әдістемелік материалдар.

Лауазымдық міндеттері: Ұйымның өндірістік қызметі үшін қажетті барлық қажетті материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін және өндіріс шығындарын азайту және максималды пайда алу мақсатында оларды ұтымды пайдалануды ұйымдастырады. Прогрессивті шығыс нормаларын пайдалана отырып, материалдық ресурстарға (шкізат, материалдар, жабдықтар, жинақтаушы бұйымдар, отын, энергия және т.б.) қажеттілікті айқындау негізінде Өндірістік бағдарламаны материалдық-техникалық қамтамасыз етудін, ұйымдар мен бөлімшелердің жөндеу-пайдалану мұқтаждықтарының перспективалық және ағымдағы жоспарлары мен баланстарының жобаларын әзірлеуді, сондай-ақ, қажетті өндірістік қорларды құруды басқарады. Фирмалар мен компаниялардың ұсыныстары туралы жедел маркетингтік ақпарат пен жарнамалық материалдарды зерделеуді ұйымдастырады. Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, оларды тасымалдаумен байланысты шығындарды азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және енгізуді басқарады. Қойма шаруашылығының жұмысын ұйымдастырады, қажетті сақтау шарттарын сақтау бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қоймаларындағы материалдық ресурстардың қозғалысын есепке алуды ұйымдастырады, материалдық құндылықтарға түгендеу жүргізуге қатысады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдайтын мерзімде ұйымға қолма-қол немесе пошта арқылы мынадай құжаттарды:

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті;

5. ХАБАРЛАМА	
Қымбатты серіктестер, осы арқылы «Микрофинансовая организация ЭКО - Финанс» ЖШС, БСН 170140006253, сіздерді тіркеудің заңды және нақты мекенжайларының өзгергені туралы хабардар етеді.	
Компанияның заңды және нақты мекенжайы: индекс 050054, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Бекмаханов көшесі, 95А үй.	
Сіздерден хат-хабар жіберерде осы жағдайды ескерулеріңізді сұраймыз.	

16. «Бірлік Қазақстан» ЖШС қатысушылары «Бірлік Қазақстан» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс қайта жалпы жиналысын өткізетіні туралы хабарлайды. Жиналыс 2022 жылы 8 қазанда сағат 11:00-де келесі мекенжай бойынша өтеді: Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, 15 жылдық Қазақстан ауылы, Школьная көшесі, 1 ғимарат. Күн тәртібінде келесі мәселе қаралады: 1.«Бірлік Қазақстан» ЖШС мүшелігінен шығу және оларға бір массив бойынша заттай жер учаскелерін беру туралы.

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);
4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;
6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы анықтаманы;
7) соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы;
8) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген (№075) нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы;
9) психологиялық диспансерден анықтама;
10) наркологиялық диспансерден анықтама ұсынады.

Азаматтық қызметке, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға, ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық даму институттарына, ұлттық холдингтерге және ұлттық компанияларға, сондай-ақ, олардың еншілес ұйымдарына басқару функцияларын орындаумен байланысты лауазымға тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген құжаттардың бірінін болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар) ұсынады.

Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Семей орманы» МОТР» Республикалық мемлекеттік мекемесі пошта индексі 071404, Абай облысы, Семей қ., Тұқтабаев көшесі 19 үй, электрондық пошта: **semey_ormany2019@mail.ru**, ақпарат үшін, кадрлық және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің тел. 8 (7222) 777-146, қаржы жұмысы бөлімінің бастығы – бас есепші бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (1 бірлік).

А2-1 санаты, лауазымдық жалақысы жұмыс өтіліне байланысты 127164,46 теңгеден 154494,81 теңгеге дейін

Біліктілік талаптары: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, қаржы-бухгалтерлік жұмыс саласында кемінде соңғы 5 жыл жұмыс өтілі, оның ішінде башы лауазымдарда жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

Білуге тиіс: бухгалтерлік есеп саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер; ұйымда бухгалтерлік есепті ұйымдастыру жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтар, оны жүргізу тәртібі; бухгалтерлік баланстар мен есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері; зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнама, ұйымның құрылымы мен штаттары, оның бейіні, мамандануы және даму перспективалары; заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер және әдістемелік еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру және өндірісті басқару жөніндегі материалдар.

Лауазымдық міндеттері: «Семей орманы» МОТР» РММ-не бекітілген мүліктің және шаруашылық операцияның есепке алынуына, қаржылық, материалдық-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету мәселелеріне, өртке қарсы қауіпсіздікті, еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын сақтауға бақылауды жүзеге асырады; штаттық, қаржылық және кассалық тәртіпті, әкімшілік-шаруашылық және өзге де сметаларды қатаң сақтауды қамтамасыз ету бойынша жұмысты жүргізеді. ІС бухгалтерия бағдарламасы бойынша ақша қаражатының қозғалысын есепке алуды жүргізу; мемлекеттік бюджеттің номенклатурасын, дұрыс және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдайтын мерзімде ұйымға қолма-қол немесе пошта арқылы мынадай құжаттарды:

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы анықтаманы;

7) соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы;

8) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген (№075) нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы;

9) психологиялық диспансерден анықтаманы;

10) наркологиялық диспансерден анықтаманы ұсынады.

Азаматтық қызметке, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға, ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық даму институттарына, ұлттық холдингтерге және ұлттық компанияларға, сондай-ақ, олардың еншілес ұйымдарына басқару функцияларын орындаумен байланысты лауазымға тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар) ұсынады.

Қызылорда облыстық соты, Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы облыстық соттың судьасы Ермек Боранбайұлы Тұрбаевқа әкесі Боранбай Есмаханбайұлы ТҮРБАЕВТЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!	
Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақмола облысының судьялар қауымдастығы Ақмола облыстық сотының судьасы Баймырзин Бауыржан Құрманбайұлына әкесі БАЙМЫРЗИН Құрманбай Тәшкенұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.	

Нұрғисынулы ЖК, Пересы, 58, 30-бөлме, 3-қабат.
ы тел.: 8 (777) 572-29-91,

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы,
Р.Зорге көшесі 8, «Лина» жаштаразы. ardawka_94@
mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,
Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,
87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби
119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызыл-
орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89,
ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді кө-
шесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772,
870544222939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қа-
зақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.:
(87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би
көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262) 502222, ұялы
тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Ұдайай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232)
578414, ұялы тел.: 87072256506.

«Консультант» ЖШС Орал
: 8 (7112) 50-88-05.

«Орал қ.», Достық-Дружба
20-47-34.

БАЙҚАУҒА!

Айна жиырма жасында қалыңдық болу бақытын, жігіт сезімін білдірер ғажайып сәтті өз қиялында елестету-ден жалықпайтын. Міне, көз талатын жерге дейін көлбей созылып шалқыған теңіздің жағасын ірілі-ұсақты толқын ұрып, бір шетте жақпар-жартастары ар-са-арса болып биік тау төне қарап, Айна болса асыл матадан тіккен ақ көйлегінің шілтерлі етегі желбіреп, тансәріде шық түсіп үлгерген көк шалғынды кешіп келе жатар еді. Әлдеқайдан ғажап әуен естіліп, бір кезде ақ боз ат сынды ап-пақ бұлт арасынан пайда болған, өткір жанары қыз жүрегін шоқтай қарып өтетін тұлғалы да сымбатты жігіт бұны көтеріп алған күйі жер-әлемді жасандырған алуан түрлі гүлдер арасындағы айналасына майда-майда күміс шашқан субұрқактың түбінде жүрек сөзін айтып, мұның қолына неке жүзігін салар еді. Айнаның қиялындағы жігіт роман-тик болатын.

Ал, Фарухтың үйленейік дегенді тым қарапайым, тіпті қарабайыр жеткізгенін көрмейсің бе? Кездесуге келген мезетінде қыздың аяқ астынан жалдайтын пәтер іздеп жатқанын білген жігіт тамағын кенеген:

— Айна, не ғой... өзің де сезіп жүрген шығарсың, сені... өзің де түсінесің ғой... саған үйленгім келеді... бірақ... тап қазір той жасайтын жағдайым жоқ. Егер қарсы болмасаң... мен тұратын үйге көшіп кел, бірге тұрайық, үй досымдікі, досым Тәшкенде, әзірге келмеймін деді.

Осы сөздерді тебіренбей, толқымай-ақ айта салды. Е, мейлі. Қалай болса да жігіттің «саған үйленгім келеді» дегені жүрегін бүлк еткізгені рас. Жасы жиырма алтыға қараған шағында күйеуге шығуға да қарсы болмас еді. Тек жігіттің ұлты басқа екенін естігенде ауылдағы шешесі не дейді дегенді ойлады.

Фарухпен өзі жұмыс істейтін дәмханада танысым, жігіт осы жерге жиі келетін, келетін де Айнаны көзімен іздейтін, тек бұған тапсырыс беретін, оның елжірей қарап қалатынын байқаған сайын Айнаның ішінен жылы толқын жүріп өтетін. Бірте-бірте сөздері жарасып, кездесе бастады. Мойнындағы қымбат алқаны да Фарух сыйлаған. Қасындағы құрбы қыздар асыл бұйымның әдемілігіне тамсанып, қызығып қарап қалғанда Айнаның кеудесін мақтаныш кернеген.

Бірақ, бәрі осылай тез болады, үш-ақ ай бұрын танысып, 3-4 рет қыдырған жігітпен аз уақыттың ішінде бір шаңырақ астында табысам деп ойламаған. Әуелі төрт қыз болып тұрып жатқан пәтерден бір қыз елге кетем деп, тағы біреуі «туысым көшіп келді, сонда тұрамын» деп шығып кетті. Айына жүз елу мың теңгені бөліп төлеуге даяшы болып жұмыс істейтін екі қыздың шамасы келмейтін болғасын қастарына бірге тұратын қыз іздеп көрмек болды да, айналымға келмейтін тар, жиһазы ескі пәтерде өздерінің де қалғылары келмейтінін ұқты. Хабарландыру бойынша пәтер іздеп көріп еді, жұмысқа жақыны қымбат, арзаны қашықта болып шықты. Қасындағы пәтерші қыз заттарын жинап кетіп қалды, Айна да тезірек басқа пәтер табуы керек. Шешесі жастай үй тірлігіне жұмсап, шаруаға пісіріп тастаған қыз тазалықты жақсы көретін, осы жолы да ескі пәтерді жуып-таза-лап, кілтін иесіне тапсырды. Фарух түн ішінде таксимен көшіріп әкетті. Ол данғарадай үйден түкпірдегі онаша бөлмені таңдап алды. Жігіт бірінші қабатта екен.

Екі қапталында кейбіреуі ақ, кейбірі қызыл кірпішті екі қабатты жеке үйлер қатар тізілген көң көшенің бір шеті әрі-бері көлік ағылған үлкен жолмен қиылысып, екінші шеті өзенге барып тіреледі. Өзеннің бергі жағындағы стадионға жүз қадам тиіп тұрған әдемі үйдің сұр түсті қақпасы да ерекше еңселі, есігінің қай тұста екенін айырып болмастай, тұтас құйылған. Айнаның бұл үйге келгеніне оншақты күн болды. Ауланың ішіне бірыңғай сарғыш тактас төселген, бір шетінде гараж бар,



ӘДЕМІ ҚОЛШАТЫРЛАР

жуан бағандар екі қабатты үйдің кіреберісіне әжептәуір салтанат беріп тұр. Үйге сегіз қатар баспамен көтерілесін. Терезелері кең. Айнаға үй қатты унады, жарқырап тұр, қайда қараса да бір үй-лесімді, әдемілікті көрді, кең үйге жететін ештеңе жоқ екен. Бәрінен бұрын тегін болғанын айтсайшы. Кафедегі жұмысынан шаршап жеткенде жаны қуанатын болды. Жердің бетіндегі жұмақ мекенін тапқандай болып, кей күндері жұмысқа барғысы келмейтін. Тып-тыныш. Ешкімнің даусын естімейсің, ешкім ауладағы орындыққа аяғымен шығып отырмайды, ешкім былш еткізіп түкірмейді. Бұл үйге тез бауыр басты. Төменгі қабаты үлкен кіреберістен, ас үй мен қонақбөлмеден, ал үстіңгі қабаты төрт бірдей жатын бөлмеден тұрады. «Өзімізге бір-бір жатын бөлме жетіп жатыр, қалғанын жалға берсек, мысалы әр бөлмені отыз мыңға жалдаса» деп ойлады Айна.

Осы үйде екі жастың бір-біріне құштар көңілдерімен байланған алаңсыз күндері басталды. Көп сыр көзбен айтылады. Фарух көп сөйлей бермейді. Бірақ, қолы ашық, екеуіне мол жететін азық әкеледі. Айнаның да көп айтатын әңгімесі жоқ. Қатар отырып ас ішсе, біреуі инстаграмды ақтарып, екіншісі футбол көреді. Ел ұйықтап жатқанда кетіп, таң ата келетін Фарух кейде біреулерден көкөністі көтерме бағамен алып, екінші біреуге сатып жіберіп пайда таптым деп келеді, көбіне күзетші болады. Кейде Айна түн ортасында қақпа сыртынан көліктің гүрілдегенін естісе, Фарухтың такси шақырып жұмысқа кетіп бара жатқанын біледі.

Күздің таңы ерініп атты. Жаймен бірқалыпты себелеген жаңбыр тамшылары қонған терезе әйнегінен көріп отыр, бір қолына қолшатыр ұстап, екінші қолымен чемоданын сүйреген қыз көзімен такси іздейтін тәрізді. Үстіңдегі жұқа плащы да, аяқ киімі де қара екен, қызғылт, сарғыш, жасыл сияқты ашық түсті бояуларды араластырып үстіне төге салғандай көрінетін әдемі қолшатыр таң алдындағы көшенің келбетіне бөлек ажар бергендей. Қара «тойота» сырғып келіп қыздың тұсына тоқтады.

— Такси керек пе, қарындас?
— Иә, Нүрсәтке дейін қанша аласыз?
— Отырыңыз, келісеміз ғой.
Қыз ұяла күлімсіреді:
— Алты жүзге келісесіз бе?
— Сіздей сұлуды тегін апарса да болады, отырыңыз.

Қыз қолшатырын сілкіп жинап, таксистің қасына отырды.

Оның үстіне сепкен нәзік жұпары

желпіп өтіп, бұның танауын қытықтап өтті. Ұыздай болып бұлтиған екі бетінің ұшында жұқалтым қызғылтты бар, ажарлы-ақ екен. Қыздың бет-әлпетіне сұлулық беріп тұрған оның қалыңдау, ұзын қасы мен пісте мұрны секілді. Шашын бос жібере салған. Мойны мен иығы жұп-жұмыр, әсіресе көтеріліп тұрған кеудесі көз тартады.

— Осы қыздар қолшатырды не үшін ұстайды?

Қыз таксистке таңырқай қарады. Сосын оның сөзін қалжыңы деп ұғып ақырын жымыды.

— Енді... көшеде су-су болып жаурап жүрмейміз ғой.

— Біз, мысалы, жүре береміз. Әне, ана жігіт те кетіп бара жатыр.

— Сіздерге болады, сіздер жігітсіздер. Ал қыздарға болмайды.

— Неге?

— Өйткені, бояуы езіліп кетеді.

— Е-е, олардың бүкіл сұлулығының күші бояуда демексіз ғой.

Қыз күліп жіберді. Ол күліп отырып, өзінің қай бағытта келе жатқанын аңғара алмағандай. Жігіт музыка даусын көтере түсті. «Мен шахзода, кулма, кулма қара, қозим сенға қозғу менға қара...»

Бір кезде тас төбесінен бір қатты күш соғып өткендей болды, ар жағы есінде жоқ.

Айна көптен күткен демалысында үйді жақсылап тазаламаққа ынта-шынтаымен кірісті, көптен әйел қолы тимеген бе, бірталай қоқыс шықты. Бір аяғы былғандаған табуретка, үлкен ала сөмкелерге салынған иесіз ескі киімдер, ескі төсектер, екі литрлік банкілер, босаған гүл құмыралары орын алып, бөлмелердің сәнін бұзып тұр. «Бұларды қайда апарса болады?» деп ойлады да, гараж есіне түсті. Бұл заттарды лақтырып тастаса иесі іздеп жүрер, ал гаражда тұрса, сол жерден табады.

Айна құлағындағы музыкасына елтіген күйі шаршайтын емес. Гараж да ыбырсып кетіпті. Үйден шығарған керексіз заттарды орналастырмас бұрын бұрыштағы ескі қораптарды реттеп қайта жинап, бұрын су қорын жинақтап қою үшін алыңса да пайдаланылмай қалған пластик бөшкенің ішіне дейін тазалап шықты. Оның ішіндегі бірнеше қолшатырды көргенде таңалғаны да бар. Үй иесінің әйелі сәңкөй шығар деп ойлады, қолшатырды аяқ киімі мен сөмкесінің түсіне қарай ала берсе керек, жиналмалысы керек пе, таяқ сияқтысы, қамыстан, шілтерден жасалғаны керек пе... әдемі қолшатырлар.

Шағын бос қорапты есікке қарай лақтырып жібермекші еді, онысы

алысқа түспей, бергі жаққа қонжиды, аяғымен итере салмақ болды да, әуестік билеп ішін ашты. Оның ішіндегі тағы бір қорапшаны ашып ішегін тартты, қорапта алтын сақиналар, сырғалар, алқалар бар екен. Айнаның аузы ашылып қалды. Осынша алтынды гаражға сақтаған несі? Үй иесінің әйелі көшем деп асығып жүргенде алтын бұйымдарын қорапқа салып, артынан таппай қалған болды деген ой басына бірінші келді. Оны Айнаның коқысқа тастай жаздағанын көрмейсің бе?

Фарух кеште жұмыстан келген кезде үйдің тап-тұйнақтай болғанын бірден байқады.

— Жаным, бәрін жарқыратып қойыпсың ғой! Мына құмыраны қайдан алдың?

— Жоғарыдағы бөлмеден.

— Диванды мына бұрышқа қойған үйлесімді екен!

— Саған ұнай ма?

— Ұнағанда қандай! Жігіт сүйіктісіне әкелген тәттілерін ұсынып жатып, оны құшақтай алды. Демі күйдіріп барады. Оның тегеурінді құшағынан босап шыққан қыз жаңалығын айтқанша асық. — Досыңнан сүйінші сұра... Мен оның әйелінің алтындарын тауып алдым. Фарухтың қабағы көтерілді.

— Жөндеп айтшы, ештеңе түсінбедім.

— Үйді жинап болып қарасам, құр босқа тұрған керексіз заттар көп екен, сосын оны қайда қойсам екен дедім де, не болса да гаражға қояйын дедім. Онда барсам ол жак та шашылып жатыр, жинап жүріп, қаншама қоқыс шығардым. Содан бір қорапты бос қорап деп ойлап коқысқа тастай жаздадым, қарасам... іші толған алтын, қарашы!

Айна балаша мәз болып қораптағыны әкеліп төсектің үстіне шаша салды. Жарқыраған алтын бұйымдар көздің жауын алады.

— Сен гаражда не істеп жүрсің? Қалай аштың? Фарухтың даусы өзгеріп естілді.

— Жинадым. Кілтін тауып алдым.

— Үйді жинасаң жетпей ме? Гаражда не шаруаң бар?

Жігіт аяқ астынан ашуға мініп, қою қастарының ортасы қосылған күйі қыздың білегінен қатты ұстап сілкілеп жіберді.

— Неменеге тіміскілеп жүрсің? Кім рұқсат берді саған?

Айна оның ашуынан қорқып кетті. Көз шанағына жас жинала қалды.

— Қолымды ауырттың ғой, не болды сонша? Гаражға кірсе не болады екен? Айтып тұрған жоқпын ба, артық заттарды апардым деп. Шашылып

жатқан нәрсе көрсем шыдай алмаймын.

— Ендігәрі гаражға кіруші болма! Ұқтың ба? Гаражға кірме мүлдем.

Жігіт алтын сақиналарды көз ілес-лес шапшаңдықпен жинап қорапқа салды.

«Өзінше болғаны несі, қолын қысып ауырттып жіберді ғой, дөрекі! Гаражға кірдің деп соншама ашуланып...». Айна көңілі түсіп, жабырқап әрі күні бойы үй жинап шаршағаны бар, өзіне тиген онаша бөлмеге кіріп ерте жатып қалды. Бір сағат өтпей Фарух есікті тықылдатты.

— Өкпелеп қалдың ба? Болды, ренжімеші, кешір, жай айтқаным ғой.

Қолымды ауырттың. Сенімен сөйлеспеймін.

Кешірші енді... Айнаш... Біреудің гаражы... жинап қайтесің... әрі шаршап қаларсың дегенім. Жаным, кешір... шай ішейік. Сен жақсы көретін қуырылған тауық қанаттарына тапсырыс бердім, тұршы.

— Мен ертеңнен бастап басқа пәтер іздеймін.

— Мені тастап па? Жоқ, олай демеші, қойшы, кетпейсің, осы үй жақсы емес пе, саған ұнай еді ғой, әрі... біз қосыламыз дедік қой. Ренжітсем кешірші. Кетпеші. Мені тастап қайда кетпексің?

Осы жолы шешіле сөйлеген сөздердің күдіретінен бөлменің есігі ашылып кетті. Сол күні үйдің іші ысып

кеткендей болды Айнаға. Сол күні терезеден түскен айдың сәулесі де ерекше жарық болатын.

Бір күні кеште жұмыстан келгенде Фарух орнынан тұрмай қойды. Бетін әрі бұрып бүркеніп жатып алған күйі қозғалмады. Қасына келген Айнаны «ана жаққа бар, мазамды алма» деп қуалай берді. Арада екі күн өткен кеште Айна төмен қарап тамағын жеп отырған Фарухтың бетінің қатты тырналғанын көріп қалшып қатып қалды. Екі-үш қатар түскен сызықтың тырнақ ізі екені көрініп тұр. Кей жерінің тыртығы жазыла бастапты.

— Неменеге қарайсың сонша?
— Бетіңе не болған?
— Жай... бір жыңды клиент...
— Тырнаған ба, немене? Ақша бермеу үшін бе?

Фарух осы кезде ашуға мінді. Қолындағы қасығын есік жаққа лақтырып жіберді.

— Баршы ана жакка! Есікті сыртынан жауып кет, — деген ызғарлы дауыстан Айнаның тұла-бойы тоңып кеткендей болды.

Одан бері де күндер өтті. Байқайды, бастапқыдай емес, қыз бен жігіттің екеуінің де бір-біріне деген алып-ұшқан сезімі суый бастағандай. Тіпті, бұрынғыдай бір-бірін көргенде қуанбайтынды шығарды, бір-бірінің қасына жақындауға да ынтықпайтындай ма... Айнаға қасындағы адам өзі танығанынан бөлек адам сияқты көріне беретін болған ба... Алғаш танысқан кездері жайдары мінезді сияқты көрініп еді, жоқ, оның қабағы көбіне қатыңқы жүреді. Ал қоқыс жәшігінен бір шетіне қан жұғып, умаждалып жатқан жібек шарфты көргенде бойынан бір діріл жүріп өткендей болды. Әйелдің шарфты қайдан жүр дегенді ойлағанда бір жағы қызғаныш билегендей.

Айнаның бұдан бойын аулақ ұстай бастағанын байқағалы көңілі тыншымайды. Бастапқыда мұның махаббатына ол да құштар көңілмен жауап беретін. Ол да бұны жақсы көретіндей еді. Ашық-жарқын қазақ қызы жанары жарқырап жымияғанда мұның кеудесін бір көнілді күй билейтін. Ол және өзбектің күйкылжып төгілген бойы еріксіз үйіріп әкетер көңілді әуеніне ұқсайтын. Жалдайтын пәтер іздеп жатқанын білген бойда өзі тұрып жатқан үйге шақырғанда ішінен бас тартпаса екен, келіссе екен деп тілеп тұрған, қыз келісті.

Жадыра ШАМУРАТОВА
(*Жалғасы бар*)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет —
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №138 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31